Еркек қозылар туғанда орташа есеппен 5,0 кг, ал ұрғашылары тиісінше 4,2 кг салмақ тартып, енелерінің құрсақтарында жақсы жетілген (сурет 2).

Зерттеу нәтижелері бойынша I топтағы, яғни құйрық көлемі үлкен қозылардың (екі жыныстың да) туғандағы тірілей салмақтары қатарластарына қарағанда (II және III топ) жеткілікті дәрежеде жоғары екенін көруге болады. Еркектерінде бұл көрсеткіш 0,2 және 0,4 кг немесе 4,0 және 8,3%, ал ұрғашыларында – 0,2 және 0,5 кг немесе 4,4 және 11,9% тиісінше құраған.

Қозыларды енесінен бөлген 4-4,5 айлықта I, II және III топтағы еркектерінің тірілей салмақтары 37,7-42,8 кг, ал ұрғашылары тиісінше 34,1-38,5 кг аралығында ауытқыған.

Жалпы барлық топтағы қозылардың сүт ему кезеңдеріндегі жетілу қарқыны айтарлықтай жоғары, әрі дене салмақтары бойынша толығымен осы қой тұқымының ерекшеліктеріне сай келеді.

Бұл арада ескере кететін жайттардың бірі, құйрығы үлкен еркек қозылардың тірілей салмақтары көлемі орташа және шағын қатарластарына қарағанда 2,3 және 5,1 кг немесе 5,7 және 13,5%, ал ұрғашылардың 2,5 және 4,4 кг немесе 6,9 және 12,9% тиісінше артқан.

Қозыларды енесінен бөлу кезеңінен кейін, дене салмағы көрсеткіштерінің өсу қарқыны баяулағаны анықталынып отыр. Бірақ құйрығы неғұрлым үлкен қозылардың тірілей салмақтары бұл құбылысқа айтарлықтай жауабын қайыруда.

Бұл құбылысты бірнеше себептермен түсіндіруге болады:

– біріншіден, құнарлы ана сүтімен қоректену кезеңі аяқталып, өздігінен жайылымда жайылу жағдайына көшу барысындағы туындайтын қиыншылықтар;

– екіншіден, қозы ағзасының физиологиялық жетілуі тоқтап, жыныстық жетілуі қарқынды дами бастайды, ал жыныстық жетілу кезінде ағза мен кейбір ұлпаларда құрылымдық өзгерістер жүреді және бұл үрдіс барысында қуат едәуір көп мөлшерде шығындалады.

1,5 жастағы құйрық көлемі әртүрлі жас қошқарлар мен ұрғашы тоқтылардың тірілей салмақтары 58,9-77,8 кг құраған.

Солардың ішіндегі I топқа жататын еркектердің тірілей салмақтары қатарластарына қарағанда 1,2 және 5,5 кг немесе 1,6 және 7,8%, ал ұрғашылардың – 2,8 және 4,3 кг немесе 4,6 және 7,3% тиісінше артықшылықты құраған.

Аталмыш құбылыс тұқымдық қасиеттердің ерекшеліктеріне тәуелді. Яғни еділбай қой тұқымы ет-май өндіру бағытында болғандықтан, негізгі селекциялық белгілерге жататын тірілей салмақ пен өсу қарқындылығының көрсеткіштері құйрық көлемімен тікелей оң байланыста ауытқитындығы анықталынып отыр (кесте 4-6).

Сурет 2 – Қозылы саулықтар отары

Сурет 3 – Еділбай қой тұқымының құйрықты қозылары

Қойлардың ет өнімділігі олардың тұқым қуалайтын және жеке ерекшеліктеріне, өндіріс технологиясы мен режиміне, еңбек ұйымдастыруға, сондай-ақ басқа да тұқым қуалайтын факторларға байланысты.

Мамандандырылған етті тұқымдардан, берілген азық жақсы өтелетін, сапалы да мол ет алады. Мұндай тұқымдар тез жетіледі, яғни тез өсіп, жас кезінің өзінде-ақ тірілей салмағы ауыр тартып, дәмі мен жұғымдылығы айтарлықтай жоғары бағалы ет береді.

Қойлардың ет өнімділігіне олардың жынысы да әсер етеді, әсіресе қойлардың түрі мен тұқымында жыныс диморфизмі қаншама күшті байқалса, оның әсері соншама көп болады. Ет өнімділігі олардың жасына да байланысты. Олардың өсіп-дамуына қарай тірілей салмағы да артады, демек ет ұшасының шамасы көбейеді. Сондықтан өзінің дамуын әлі аяқтап болмаған жас жануарға қарағанда ересек қойлардан көп ет алынады. Бірақ, қазіргі уақытта құйрықты қойлардың төлдерін еркек қозыларын енесінен бөлгеннен кейін етке өткізеді, себебі енесінің сүтімен қоректенген қозылар тез жетіліп, 35-38 кг дейін тартады. Таза ет өнімі 17-20 кг, бұл көрсеткіш құйрықты қой тұқымдарын өсіріп отырған шаруашылықтарға экономикалық жағынан тиімді. Өте кәрі қойларға қарағанда жас қойлардың еті жұмсақ, әрі дәмді болады. Ал өте жас жануарлардын еті жұғымсыз, су татып тұрады.

Жануарлардын азықтандыру деңгейі мен типі олардың ет өнімділігіне орасан зор әсер етеді. Жануарлар тұқым қуалайтын белгілері бойынша қанша тез жетілетін болсада, олардың жақсы ет өнімділігі қасиеттерін белгілі бір азықтандыру типі мен деңгейінде ғана жетілдіруге болады. Жеткілікті азықтандырмау төлдерді етке арнап өсіру мерзімін ұзартып, алынатын әрбір килограмм қосымша салмаққа жұмсалатын азық шығынын арттырады. Мұндай жануарларды сойғанда етінің сапасы нашар ұша алынады, бұлшықет және май ұлпалары аз, дәнекер ұлпасы көп болады.

Союға қоңдылығы орташадан жоғары жануарлар қабылдануы тиіс. Сою үшін қоңсыз малды тапсыру эканомикалық жағынан тиімсіз. Шаруашылықтарда жануарларды жедел бордақылау және жайып семірту прогресшіл тәсіл ретінде қолданылуы тиіс

Жалпы ет балансында бірінші орынды – сиыр еті (бүкіл өндірілетін еттің 43-45%), екінші орынды – шошқа еті және үшінші орынды – қой еті алады.

Қой етінің сиыр және шошқа етіне қарағанда бірқатар ерекшеліктері бар. Ақуыздылығы жағынан қой еті сиыр етіне жақын, шошқа етінен жоғары, ал майлылығы мен каллориялығы жағынан сиыр етінен артық, шошқа етінен төмен. Қойдың бұлшық етінде жалпы амин қышқылдарының болуы жағынан ірі қарамен, шошқамен салыстырғанда айтарлықтай айырмашылық жоқ: тиісінше 46,8, 48,5, 47,9% құрайды.

Тағамдық мал майы ең алдымен пальмитинді, стреагенді және аз мөлшерде өзге май қышқылдарынан тұрады. Қой майының сиыр және шошқа майынан ерекшелігі – онда пальмитинді май қышқылы 3-4%, ал стеаринді қышқыл 5-12% көп болады. Көп қаныкпаған май қышқылдары – линолды, линоленді және архидті қышқылдардың жалпы жиынтық мөлшері жағынан қой майы шошқа майынан төмен, ал сиыр майынан жоғары.

Кесте 8 – Ұрғашы қозылардың тұлға индекстерінің өзгергіштігі

Индекстер, %	Жаңа туылған			4-4,5 айлық			1,5 жас		
	I	II	III	I	II	III	I	II	III
Сирақтылық	56	57	57	59	58	57	55	55	55
Созылыңқылық	81	81	81	101	101	102	116	118	118
Кеуделік	47	46	46	65	63	62	72	70	70
Аукымдылық	103	103	103	125	125	130	129	130	130
Дене жұмырлығы	128	127	127	124	124	127	111	110	110
Кеуде-бөкселік	104	102	103	111	107	109	110	110	111
Дене енселігі	92	90	91	104	104	104	102	102	101
Сүйектілік	17	17	17	13	12	13	12	12	12

2.4 Сойыс көрсеткіштері

Ауылшаруашылық малдарынан алынатын аса маңызды азық өнімінің бірі – ет өнімі. Малдардың етінде, түлік түріне, тұқымына, жасына, жынысына қарай, адам асқазанындағы жақсы сіңірілетін күйдегі 35,0-55,0% құрғақ зат, 10,5-20,0% ақуыз, 15,0-45,0% май, 1,0-5,0% минералдық заттар, сондай-ақ А, Д және В тобының дәрумендері және тағы да басқа көптеген құнды заттар бар. Сондықтан қай түліктің болсын еттілік қасиеттерін жетілдіру – селекция жүйесінің ерте заманнан бері түбегейлі мәселесі.

Малдың тірі кезінде оның еттілік қасиеттеріне дұрыс баға берудің селекциялық маңызы үлкен. Себебі селекцияның түпкі мақсаты өнімділігі мол малдан ұрпақ алу. Малдың тірі кезінде еттілік қасиетін, дене бітімі мен сыртқы пішінін бағалау, қажет болса сыртқы дене мүшелерін өлшеу, салмағын өлшеу, соның зерттеулері бойынша тәулігіне қосатын салмағын анықтау арқылы бағалайды.

Малдың еттілік қасиетіне баға бергенде, оның қоңдылығына баса көңіл аударылады. Мал қоңдылығының дәрежесі оның етінің химиялық құрамына үлкен әсер етеді.

Малдың қоңдылығын оның ерте май жинайтын мүшелерін – құйрықтың түбін, шабын, мықынын, белін, қабырғасын және төсін қолмен ұстап көріп бағалайды. Қой етін тұтас ұша түрінде шығарады. Әрбір ұшаны көлденең екі жартыға – соңғы қабырғасының артқы жағынан өтетін сызық бойымен алдыңғы және артқы жартыға бөледі. Екі алты бөлікке шабады да, оларды 2 сортқа жатқызады.

будандастырып, көрсеткіштерді салыстырмалы түрде ұсынады. Яғни нәтижесінде еділбай қойының қалмақ қойымен ұқсастығы бар екендігі анықталды [10].

Еділбай қойының дене құрылысы өте жақсы және мықты болады. 1,5 жастағы тұсақтардың биіктігі ересек саулықтардың 97,7%, 1,5 жастағы тұқымдық қошқарлардың биіктігі ересек қошқарлардың 92,5% жетеді.

Дене құрылысындағы белгілердің ішінде биіктігінен кейін жылдап өсетін денесінің ұзындығы, ол 96,4% жетеді. Ұрғашы қозылардың биіктігі 4-4,5 айлығында саулықтардың 86,1%, ал еркек қозылар ересек қошқарлардың 80,8% жетеді. Ұрғашы қозылардың ұзындығы саулықтардың ұзындығының 83,8%, ал еркек қозылар қошқарлардың 81,7% жетеді. Ұрғашы қозының кеуде орамы 73,3 см, еркек қозының кеуде орамы 74,8 см, яғни сақа қойлардың кеуде орамының 75,3% құрайды.

Ересек қошқарларының тірілей салмағы 100-110 кг, саулықтары 70-75 кг, қозылары өте тез жетіледі, 4-4,5 айлықтарындағы енелерінен бөлгенде салмақтары 40-45 кг жетеді. Қырқылған жүн түсімі қошқарларда 3-4 кг, ал саулықтарда 2-3 кг құрайды. Аналықтарының төлдегіштігі 100 бас саулыққа шаққанда 110-120 бас қозыдан келеді.

Соңғы жылдары отандық ғалымдар, еліміздің әртүрлі аймақтарында өсірілетін қазақтың құйрықты қойларының асылтұқымды отарлары және Орал облысының шаруашылықтарындағы еділбай қойларының өнімділіктерін толығымен зерттеумен қатар, басқа да мал өсіру аймақтарына аудандастыру жұмыстарын жүргізуде.

Еділбай қойының селекциялық-асылдандыру жұмыстарын жүргізу барысында олардың конституциясының беріктігін және сапалық белгілерін (мүсіндік) сақтап отыруға ерекше көңіл бөлу керек.

Қазіргі кезде жоғары өнімді еділбай қойлары Батыс Қазақстанның «Бірлік мал зауыты», «Камкор», «Аймекен», «Перизат», «Нығмет», «Еділбай» шаруа қожалықтарында, Атырау облысының «Сүйіндік», «Мақаш», «Құрманғазы» асылтұқымды зауыттарында және көптеген шаруашылықтарында өсіріледі.

Соңғы жылдары жергілікті қылшық жүнді құйрықты қойлардың шаруашылыққа пайдалы селекциялық белгілері деңгейін жақсарту мақсатында еділбай қошқарлары барынша пайдалануда.

1960 жылдары академик Ермеков М.Ә. басшылығымен Орталық Қазақстанның Бетпақдала табиғи жайылымдарын қой шаруашылығына тиімді пайдалану және оларды игеру мақсатымен зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Ол ғылыми топ Қазақстанда өсірілетін бірнеше қой тұқымын өндірістік жағдайда сынақтан өткізді. Сол Орталық Қазақстанның географиялық-экологиялық жағдайында саулықтардың салмағы 2 жылдық ішінде орта есеппен келесідей болды: еділбай қойы 64,5 кг, қарғалы қойы 58,0 кг, қазақтың қылшық жүнді құйрықты қойы 59,3 кг, дегерес қойы 58,0 кг, гиссар қойы 64,5 кг, қаракөл қойы 54,0 кг, қазақтың биязы жүнді қойы 52,9 кг, арқар меринос қойы 54,1 кг, прекос 55,0 кг, прекос будандары 54,5 кг, гемпшир будандары 54,6 кг. Осы жайылымдарда құйрықты қой қозыларының енелерінен айырған кезіндегі және оның тұсақтарының өсуі мен жетілгіштігі, соған орай салмағы жағынан сынақтағы басқа қой төлдерінен жоғары болды. Қозылары мен

2.2 Етті-майлы бағыттағы қылшық жүнді құйрықты еділбай қой тұқымының шаруашылыққа пайдалы селекциялық белгілері

Қойларды жүйелі түрде асылдандырып, өнімін арттыру мен жас кезінен бастап қалаған өнімге бағыттап өсіруде, даму заңдылықтарын жан-жақты зерттеп меңгерудің маңызы орасан зор.

Ағзаның жеке өсіп-жетілуін зерттеудің қажеттілігі ең алдымен мынаған байланысты: онтогенез барысында тұқымдық белгілер ғана емес, конституциялық, экстерьерлік және өнімділік ерекшеліктер де қалыптасады. Онтогенезде тұқым қуалайтын сабақтастық пен ата-енелер белгілерінің өзгергіштігі жүзеге асады, ол ағзаның өзінің табиғи және сыртқы орта жағдайлары факторларының әсер етуі нәтижесінде өтеді [18].

Қойлардың өсіп-жетілуіне тұқым қуалайтын факторлар, сондай-ақ сыртқы орта жағдайлары да ықпал етеді. Белгілі бір ішкі секреция бездері мен жүйке жүйесінің қызметі, сонымен қатар ағзаның жеке даму заңдылықтары тұқым қуалаушылыққа байланысты.

Онтогенез 2 кезеңнен тұрады: құрсақтағы – эмбрионалдық және құрсақтан кейінгі – постэмбрионалдық. Постэмбрионалдық немесе постнаталдық кезеңнен мынадай фазаларды бөліп көрсетуге болады: жаңа туылған, сүт ему, жыныстық жетілу, ағзаның физиологиялық қызметі мен өнімділігі жетілген фазалар және диссимиляция ассимиляция үрдістерінен басым болатын қартаю шағы [19].

Құрсақтан кейінгі дамудың әрбір фазасына өзінің морфологиялық, физиологиялық және биологиялық ерекшеліктері тән.

Батыс Қазақстан облысы жағдайындағы «Қамқор» шаруа қожалығындағы өсірілетін еділбай қой тұқымының өсіп-жетілу ерекшеліктерін зерттеу – қозылардың жасына қарай дене салмақтарын құйрық көлеміне байланысты өлшеу арқылы жүзеге асты. Зерттеуге алынған еркек және ұрғашы қойлар онтогенезінің постэмбрионалдық кезеңіндегі, яғни туғандағы, 4-4,5 айлықтағы және 1,5 жастағы тірілей салмақтарының көрсеткіштері анықталды (кесте 3).

Еділбай қойларынан алынатын негізгі өнімнің бірі – ет болғанымен, бұл тұқым етті-майлы бағытқа жататындықтан, оның құйрық көлемі шаруашылыққа неғұрлым пайдалы сандық белгілермен қатар қойларды бағалау барысында маңызды роль атқаратын сапалық «көзге көрінетін» морфологиялық белгі болып есептелінеді.

Кесте 3 – Қозылардың жасына қарай дене салмақтарының құйрық көлеміне байланысты өзгергіштігі, $\bar{X} \pm m_{\bar{x}}$, кг

Құйрық көлемі	Еркек			Ұрғашы		
	Жаңа туылған	4-4,5 айлық	1,5 жас	Жаңа туылған	4-4,5 айлық	1,5 жас
Үлкен	5,2±0,07	42,8±0,26	75,8±0,35	4,7±0,03	38,5±0,12	63,2±0,58
Орташа	5,0±0,19	40,5±0,33	74,6±0,21	4,5±0,21	36,0±0,29	60,4±0,33
Шағын	4,8±0,05	37,7±0,11	70,3±0,47	4,2±0,06	34,1±0,27	58,9±0,36

2.3 Сыртқы пішінінің өлшемдері мен тұлға индекстері

Қойды асылдандыру жұмысы барысында, әсіресе сұрыптауда, оның экстерьерлік ерекшелігіне көп мән беріледі. Себебі, қойдың экстерьері жалпы дене бітімінің (конституциясының) және белгілі бір өнім беруге бейімділігінің сыртқы көрінісі. Сондықтан да, қойдың өнімділік құндылығын анықтағанда экстерьеріне берілген баға міндетті түрде басты есепке алынады [22].

Сұрыптау тәжірибесінде малдың экстерьерін бағалау үшін төмендегі әдістер қолданылады: көз мөлшерімен бағалау, балл жүйесі (сандық дәрежелік жүйе) бойынша бағалау және дене өлшемдері арқылы бағалау. Дене өлшемдерінің туындысы ретінде, онымен қатар, тұлға индекстерін есептеу әдісі мен графикалық әдістер де қолданылады. Ерекше жануарларды, әдетте, суретке түсіру әдісімен де бағалайды. Бұл әдістердің әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері, артық-кемшіліктері бар және олар бірін-бірі толықтырып отырады.

Қой экстерьерін көзбен бағалау барысында оның мүйізділігін, басының көлемі мен пішінін, жүнділігін, мойынының ұзындығы мен жуандығын, мойын терісінің қатпарлығын, шоқтығының биіктігі мен ұзындығын, жотасының пішінін, артқы ұштен бір бөлігінің дамуын, құйрығының ұзындығы мен пішінін, аяқтарының орналасуын, дене терісінің қатпарлығын және жүн ерекшеліктерін бағалайды. Сүт бездерінің дамуына да зор көңіл бөлу керек, себебі желін көлемді, қалыпты, ал емшектері мен бөліктері дұрыс орналасқан болуы тиіс [23].

Қойдың сыртқы дене өлшемдерін өлшеу – оның экстерьері туралы нақтылы дәл деректер береді. Бірақ бұл әдіс көзбен бағалауға қосымша, көмекші әдіс деп есептелінеді. Себебі сыртқы дене өлшемдері дене мүшелерінің сандық мөлшерін дұрыс көрсеткенмен, сапалық сипатын толық аша алмайды. Дегенмен де, мына төмендегі зоотехникалық маңызы бар мәселелерді шешуге мүмкіншілік туғызады:

– Қойдың жасына сәйкес өсіп-жетілуін, дене бітімінің өзгеруін талдауға болады;

– Нақтылы бір қойды немесе жалпы бір топты түр-тұлғасы бойынша бір-бірімен және тұқымның стандартымен, әлде басқа қой тұқымымен салыстыруға болады;

– Қойдың экстерьерінің қалаған өнім бағытына сәйкестілігін анықтауға болады;

– Қажет болған уақытта қойдың тірілей салмағын жорамалдап анықтауға болады.

Көптеген зерттеу нәтижелерінің тұжырымдауы бойынша ағза тіршілігінің әр кезеңінде өсіп-жетілу үрдісі бір қалыпты өтпейтіні анықталған. Себебі ағзаның өсіп-жетілу барысында дене тұрқының пропорциялары жасына байланысты өзгеріп отырады. Соның ішінде ең қарқынды өзгерістер байқалынатын кезең – туғаннан бастап, енесінен бөлгенге дейінгі аралықты қамтиды.

тұсақтарының тірілей салмақтары төмендегі көрсеткіштерге тең: еділбай қойының төлі 36,5-52,8 кг, қарғалы 31,0-42,8 кг, дегерес 25,1-45,5 кг, гиссар 34,7-49,4 кг, қаракөл 28,3-40,5 кг, қазақтың биязы жүнді қойы 22,5-41,3 кг, прекос 20,5-38,6 кг, гемпшир будандары 22,5-40,5 кг және прекос будандарының төлдері 26,0-40,6 кг [3].

Еділбай қойы тұсақтарының тірілей салмақтары бойынша басқа биязы жүнді қойлар мен олардың будандарымен салыстырғанда, олардан 20% дейін артып түсті, ал гиссар қойы тұсақтарынан кем болды.

2.1 Зерттеу нысандары мен әдістемесі

Ғылыми жұмыстың нысаны ретінде етті-майлы бағыттағы қылшық жүнді құйрықты еділбай тұқымының қойлары зерттеуге алынды. Зерттеуге алынған қойлардың жалпы саны 573 бас. «Қамқор» шаруа қожалығындағы өсірілетін еділбай қой тұқымының негізгі селекциялық белгілерінің өзгергіштігін ғылыми тұрғыда толыққанды анықтау мақсатында туғандағы, 4-4,5 айлықтағы және 1,5 жастағы шаруашылыққа пайдалы белгідері, маңызды сыртқы дене өлшемдерінің көрсеткіштері және өнімділік деңгейі зерттелді (сурет 1).

Тәжірибеге алынған барлық топтағы қойла таза тұқымды, әрі саулықтары мен төлдері бір шопанның қол астында күтіп-бағылып, бірдей жағдайда азықтандырылған.

Зерттеу мақсатында алынған қойларды сұрыптау жұмыстары 46-131-83 салалық стандартының талаптары [11] мен құйрықты қойларды кешенді бағалауға арналған ережелер [12] бойынша жүргізілді.

Зерттеу нысаны болып табылатын, етті-майлы бағытқа жататын қылшық жүнді құйрықты қой қатарындағы еділбай тұқымының өнімділік деңгейі жалпы ұстанатын әдістемелер (ВАСХНИЛ, ВИЖ, КазНИИЖиК, КазНИТИО, ЦНИИШ және т.б.) бойынша зерттелді.

Дене салмақтарының жасына қарай өзгеруі туғандағы, 4-4,5 айлықтағы және 1,5 жастағы сандық көрсеткіштеріне байланысты анықталды. Сонымен қатар, қозылардың тәулігіне салмақ қосу қарқындылықтарын анықтау туғаннан бастап 18 айлыққа дейінгі кезеңдерді қамтыды.

Отардағы селекциялық жұмыстар жасалынып отырған қойлардың дене бітімі бойынша жіктелуі кешенді белгілерге негізделген. Осы тұрғыда, Колесник Н.Н. әдістемесіне [13] байланысты қойларды конституциялық типтері бойынша сұрыптау мен оған көзбен визуалды түрде баға беру іс-шаралары атқарылып, экстерьерлік сыртқы пішінінің өлшемдері зерттелді.

Қойлардың экстерьерлік ерекшеліктерін толыққанды зерттеу мақсатында дененің негізгі 8 өлшемі алынып, Борисенко Е.Я. әдістемелігіне [14] сүйене отырып, маңызды тұлға индекстері есептелінді.

Еділбай қойларының ет-майй өнімділігін анықтау мақсатында қозылар таңдап алынып, енелерінен бөлгеннен кейін 4-4,5 айлығында бақылау үшін сойылды (3 бас). Бұл жұмыс шаруашылық жағдайында ВИЖ әдістемелігі [8] бойынша жүргізілді. Бақылау үшін сою кезінде зерттеуге алынған қозылардың ұша, құйрық, іш май, сұрпы ет, сүйек, сойыс шығымдары және еттілік коэффициенттері анықталды.

Жүн өнімділігінің көрсеткіштері кешенді бағалау мен жүн қырқу науқаны кезіндегі өзіндік есеп жүргізу мәліметтері мен көрсеткіштеріне сүйене отырып анықталды [15].

Селекциялық материалдардың генетикалық параметрлерін анықтау мен сандық мәліметтерді биометриялық өңдеу жұмысы Плохинский Н.А. [16] мен Меркурьева Е.К. [17] ұсынған вариациялық статистика әдістемесі арқылы есептелді.


Еділбай қой тұқымының негізгі селекциялық белгілерінің өзгергіштігі
Жаңа туылған
4-4,5 айлықта
1,5 жаста
Селекциялық-асылдандыру жұмыстарға қатысу және мәліметтер жинастыру
Қой қоздату науқаны
Қозы бөлу науқаны
Жүн қырқу науқаны
Өсіп-жетілу ерекшеліктері
Сойыс көрсеткіштері
Жүн өнімділігі
Құйрықты қозы өсірудің экономикалық тиімділігін анықтау

Сурет 1 – Тәжірибе сызба-нұсқасы

Еділбай қой тұқымының құйрық көлеміне байланысты сыртқы дене өлшемдерінің өзгергіштігін туғанда, 4-4,5 айлықта және 1,5 жаста зерттеу мақсатында негізгі көрсеткіштер есепке алынды (Қосымшалар 1-2).

Экстерьерлік ерекшеліктердің зерттеуге алынған қойлардың жасына, жынысына және өнімділігіне байланысты қалыпты жағдайы мен ауытқу дәрежелерін, кемістігі мен кемшіліктерін анықтап, сипаттаудың маңызы зор. Осы тұрғыдан, тәжірибеге туғанда және 4-4,5 айлықта жынысына қарай әр топқа 50 бастан, ал 1,5 жасында 25 бастан бекітілді.

Жалпы барлық (8 өлшем) сыртқы дене өлшемдерінің ішінде серпімділік деңгейі барынша жоғары, әрі сол себепті қызығушылық танытып отырған экстерьерлік өлшемдердің бірі – шоқтық биіктігі мен құйымшақ биіктігі және тұрқының қиғаш ұзындығы мен кеуде орамы. Туғандағы алынған зерттеу мәліметтеріне сай I топқа жататын еркек және ұрғашы қозылары II және III топқа жататын құрдастарынан шоқтық биіктігі бойынша 0,6 және 0,2 см немесе 1,7 және 0,6%; 0,6 және 0,5 см немесе 1,8 және 1,5% артқан; құйымшақ биіктігі бойынша 0,7 және 0,4 см немесе 2,2 және 1,3%; 1,0 және 0,8 см немесе 3,3 және 2,6% артқан; тұрқының қиғаш ұзындығы бойынша 0,3 және 0,2 см немесе 1,1 және 0,7%; 0,5 және 0,3 см немесе 1,8 және 1,1% артқан; кеуде орамы бойынша 0,3 және 0,2 см немесе 0,8 және 0,6%; 0,7 және 0,6 см немесе 2,0 және 1,7% артқан 4-4,5 айлықта алынған зерттеу мәліметтеріне сай құйрығы неғұрлым үлкен еркек және ұрғашы қозылар көлемі орташа және шағын қатарластарынан шоқтық биіктігі бойынша 3,4 және 1,6 см немесе 5,8 және 2,6%; 2,0 және 0,6 см немесе 3,5 және 1,0% артқан; құйымшақ биіктігі бойынша 2,7 және 0,9 см немесе 4,3 және 1,4%; 1,9 және 0,4 см немесе 3,2 және 0,7% артқан; тұрқының қиғаш ұзындығы бойынша 4,6 және 2,2 см немесе 7,8 және 3,6%; 1,1 және 0,4 см немесе 1,9 және 0,7% артқан; кеуде орамы бойынша 2,3 және 0,7 см немесе 3,2 және 1,0%; 0,9 және 0,4 см немесе 1,2 және 0,5% артқан.

Жоғарыдағы келтірілген мәліметтерге қарағанда I топқа жататын еркек және ұрғашы қозылардың әр жасында, яғни туғанда, 4-4,5 айлықта және 1,5 жаста II және III топқа жататын құрдастарынан өлшемдерінің көрсеткіштері бойынша арта түскен.

Бұл III топқа жататын, яғни құйрық көлемі үлкен қой ағзасының жоғары дәрежедегі гомеостазына тікелей байланысты, яғни ол дегеніміз жағымсыз ортаның тудыратын паратиптік жағдайларына төзімділік таныту қасиеті.

Туғаннан бастап – 4-4,5 айлыққа дейін еркек және ұрғашы қозылардың шоқтық биіктігі 23,9; 25,3; 26,7 см және тиісінше 23,6; 24,9; 25,0 см өскен; құйымшақ биіктігі 30,6; 32,1; 32,6 см және 29,3; 30,6; 30,2 см өскен; тұрқының қиғаш ұзындығы 30,7; 33,0; 35,0 см және 31,5; 32,0; 32,1 см өскен; кеуде орамы 35,9; 37,4; 37,9 см және 38,8; 39,2; 39,0 см өскен.

Туғаннан бастап – 4-4,5 айлыққа дейінгі кезеңді 4-4,5 айлықтан бастап – 7,5-8 айлыққа дейінгі кезеңмен өзара салыстыру барысында, бірінші кезеңнің қарқынды өсу жиілігі байқалынады. Ал 4-4,5 айлықтан бастап – 7,5-8 айлыққа дейінгі кезеңді 7,5-8 айлықтан бастап – 1,5 жасқа дейінгі кезеңмен салыстырғанда айтарлықтай ағзаның өсуінде елеулі өзгерістер байқалынбайды. Енесінен бөлгенге дейінгі жастағы жағымды жағдайлардың әсерінен дене өлшемдерінің өсу қарқыны жүретін болса, кейінгі кезеңде тек қана тірілей салмаққа ғана емес, сонымен қатар экстерьерлік ерекшелігіне де паратиптік факторлардың барынша ықпал тигізетіні анықталынып отыр.

Қойдың сыртқы дене өлшемдері арқылы жете сипаттау үшін қойдың тұлға индекстерін анықтаудың маңызы зор. Шындығында әр түрлі дене мүшелерінің жекелеген өлшем мөлшерлері олардың бір-біріне сәйкестігін, тұлғасының келістілігін нақтылы сипаттай алмайды. Осы жетіспеушілікті тұлға индексі толықтырады. Тұлға индексі деп – анатомиялық тұрғыдан бір-бірімен байланысы бар екі дене мүшелері өлшемдерінің салыстырмалы (пайыздық) арақатынасын айтады. Тұлға индекстерін жай (бір өлшемнің екінші өлшемге қатынасы) және күрделі (бір өлшемдер тобының екінші өлшемдер тобына қатынасы) деп бөледі. Тұлға индекстері бойынша тұқымдыққа сәйкес белгілі бір өнім бағытына бейімділігін, өсіп-жетілу дәрежесін, дене пішінінің жас пен жыныс ерекшеліктеріне лайықтылығын және осыларға байланысты оның өзгеру заңдылықтарын біршама толық, әрі дәл сипаттауға болады.

Сол себептен де, дене өлшемдерінің өсу пропорционалдылығын айқындайтын маңызды тұлға индекстеріне анализ жасау нәтижесінде еділбай қойларының дене тұрқыларының жинақтылығымен ерекшеленетіні анықталынып отыр (кесте 7-8).

Зерттеуге алынған қойлардың жас аралығына байланысты тұлға индекстерінің өзгергіштігі бірдей тенденцияға ие болып, тез жетілгіш тұқымдардың биологиялық ерекшелігіне сай өсіп-жетілудің жалпы заңдылықтарына бағынады.

Тұқымдық қасиеттерге байланысты, зерттеп отырған құйрықты қозылар жас кезінен бастап, дене мүшелерінің қатынастығы бойынша ересек қойлардың дене пропорцияларына тең болып отыр.

Кесте 7 – Еркек қозылардың тұлға индекстерінің өзгергіштігі

Индекстер, %	Жаңа туылған			4-4,5 айлық			1,5 жас		
	I	II	III	I	II	III	I	II	III
Сирақтылық	56	56	56	61	60	61	55	56	56
Созылыңқылық	79	80	80	102	101	100	125	123	123
Кеуделік	46	45	44	67	64	67	69	68	69
Ауқымдылық	103	101	103	119	121	122	133	130	132
Дене жұмырлығы	130	128	129	117	120	123	119	118	120
Кеуде-бөкселік	96	95	93	109	103	110	130	128	120
Дене еңселігі	90	91	90	104	105	106	103	103	103
Сүйектілік	18	18	18	12	12	13	15	13	12

14 кесте - Төлдердің орташа тәуліктік өсімі, г

Тұқымы	Кезеңдер				
	Туылған кезден енесінен айырғанға дейін (120күн)		Енесінен айырғаннан 7,5 айлыққа дейін (100 күн)		7,5 айдан 12 айға (130 күн)
	Еркек қозылар	Ұрғашы қозылар	Еркек қозылар	Ұрғашы қозылар	Тоқтылар
АЕЖ х АЕЖ	207	197	53	30	57
СК х АЕЖ	224	199	52	31	66
КБ х АЕЖ	230	205	51	29	72

Жақсы азықтандыру мен күтіп-бағу нәтижесінде төлдер қарқынды түрде өсіп, дамиды. Жасы ұлғайған сайын өсу энергиясы төмендейді.Тәжірибедегі төлдердің дене салмағының өсуі биязылау етті-жүнді қой тұқымдарына толығымен сәйкес келеді.

4.3 Қозылардың 4-4,5 айлығындағы еттілік өнімділігі

Қойдың ет өнімділігінің негізгі көрсеткіштері болып: сояр алдындағы тірі салмағы, ұша салмағы, іш майы салмағы, сойғаннан кейінгі салмағы, сойыс шығымы, қой қондылығының және ұшасының категориясы, ұшаның сорттық және морфологиялық құрамы, еттің азықтық құндылығы және т.б табылады.

Сояр алдындағы тірі салмақты малды 24 сағат аш ұстап, 0,1кг-нан 1 жас (жас мал үшін) - 0,5кг 1 (ересек мал үшін) дәлдікте өлшейді.

Малды аш ұстау кезінде асқазан – ішек жолдары мен несеп жолдары тазартылып, малдың тірі салмағы 2,5-3,5% төмендейді. Сонымен қатар осы уақытта бұлшық ет қышқылдығы қалыптасып, гликоген жиналады. Гликогеннің жеткілікті мөлшерде жиналуы еттің пісіп-жетілуіне қажет, ол ыдырағанда қышқыл (сүт, фосфор) түзіп, етті консервілеуге көмектескенімен, шіріту микроорганизмдердің дамуына жол береді, ол еттің бұзылуын тездетеді.

Қой малы қондылығының категориясын мемлекеттік стандарт бойынша 5111-55 «Қой мен ешкіні сою үшін қондылықты анықтау» бойынша шоқтықтағы, арқадағы, бел, қабырға және құйрық түбіндегі бұлшық ет және май ұлпаларынан даму дәрежесіне байланысты, ал құйрықты қойларды – құйрығына немесе май құйрығына қарай анықтайды. Егер сенімсіздік жағдай туындаса бақылау сойысын жүргізеді де, қондылықты келесі кестедегі талаптарға сай анықтайды.

Тәжірибедегі етті бағыттағы еркек қозылардың 4,5 айлығында бақылау сойысы бойынша зерттеу жүргізген болатынбыз. Еркек қозылар сояр алдында орташа қондылықта болды. Етті бағытындағы жануарлардың негізгі

Ал қойдың тез жетілгіштік қасиеті – қой етін тиімді өндірудің қажетті шарты. Құйрықты қой тұқымдарының негізгі өнімділік көрсеткіштері өсіп-жетілу үрдісінің қолайлы кезеңдерінде (енесінің сүтін ему кезеңі) неғұрлым жоғары болады. Қозыларды енесінен бөлгеннен кейін, бірқатар факторлардың әсерінен, атап айтқанда қозылардың постнатальді онтогенезінің биологиялық заңдылықтары, сонымен қатар, жайылымдық жағдайға көшу салдарынан туындайтын азық қорының нашарлауы салмақ арттыру қабілеттілігінің төмендеуіне әкеп соқтырады.

Сол себепті етті-майлы бағыттағы қой шаруашылығында 4 айлықтағы қозыларды қой етін өндірудің негізгі көзі ретінде пайдаланады.

Етті-майлы бағыттағы қой шаруашылығында 4 айлықтағы қозыларды реализациялау нәтижесі, тек жоғары сапалы ет өнімін өндірумен ғана емес, сонымен қоса экономикалық тұрғыда тиімділікпен және еңбек өнімінің артуымен де сипатталады.

Біздің зерттеу жұмысымызда Батыс Қазақстан жағдайында өсірілетін еділбай тұқымының 4-4,5 айлықтағы еркек қозыларының құйрық көлеміне байланысты ет-май өнімділігін анықтау нәтижелері келтірілген.

Ғылыми-зерттеу жұмысының әдістемесіне байланысты өсіру, азықтандыру және күтіп-бағу жағдайы ортақ бір отардың қозылары зерттеуге алынған. Ет-май өнімділігін анықтау мақсатында сұрыпталған еркек қозылардың жалпы саны 9 бас құйрық көлеміне байланысты 3 топқа (I, II және III топ) бөлінді (кесте 9).

Зерттеуге алынған еркек қозылардың барлығы ұнамды типке жататын, әрі жалпы отардағы қатарластарының орташа тірілей салмақ көрсеткіштерін айқындайды.

Кесте 9 – 4 - 4,5 айлықтағы еркек қозылардың ет-май өнімділігінің өзгергіштігі

Көрсеткіштер	Топтар		
	I (n=3)	II (n=3)	III (n=3)
Салмақ, кг: Сояр алдындағы т/с	44,2	40,0	38,4
Ұша	22,5	19,2	18,7
Құйрық	3,0	2,0	1,0
Ішкі май	0,254	0,249	0,353
Сойыс	25,8	21,5	20,1
Сойыс шығымы, %	58,4	53,8	52,3
Салмақ, кг: Сұрпы ет	17,7	14,4	13,3
Ет шығымы, %	78,7	75,0	71,1
Сүйек	4,8	4,8	5,4
Сүйек шығымы, %	21,3	25,0	28,9
Еттілік коэффициенті, кг	3,7	3,0	2,5

Сондықтан да, осы кезеңде селекциялық жұмысты жақсарту міндеті тұр, олардың санын және жаңа жоғары өнімді генотиптерді шығару.

Бұл ретте, жергілікті жағдайларға сәйкес маңызды мәні бар отандық және шетелдік алдыңғы қатарлы тәжірибені пайдалану.

Бұл істі асыру шеңберінде, қой мен ешкі шаруашылығында осы ғылыми-техникалық бағдарламалар әзірленетін болады, тиімді басқару технологиясы селекциялық процесін сақтау және жетілдіру қатар генетикалық ресурстарды қолдану [62-66].

Батыс аймағындағы «Ақжайық» тәжірибе-өндіорістік шаруашылығында ақжайық биязылау жүнді аналықтарын ақжайық қошқарларымен будандастырумен қатар будан ½солтүстік кавказдық х ½ақжайық биязылау жүнді және куйбышевтық кроссбредті тұқымының аталықтары бірге пайдаланып, нәтижелі селекциялық-асылдандыру жұмыстары жүргізілді [67-70].

3.1 Ақжайық етті-жүнді, солтүстік кавказ, куйбышев тұқымындары сипаттамасы

Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданы «Қуаныш» ШҚ-да ақжайық етті-жүнді саулықтарын ақжайық қошқарларымен шағылыстырумен қатар солтүстік кавказдық және куйбышевтық кроссбредті етті-жүнді тұқымының аталықтары қатар пайдаланып, нәтижелі сұрыптау-асылдандыру жұмыстары жүргізілуде.

Жүргізіліп жатырған жұмыстың мақсаты ақжайық кроссбредті етті-жүнді тұқымының еттілік көрсеткіштерін кіріспе шағылыстыру тәсілімен жақсарту болып табылады. Зерттеу жұмысының жоспары ретінде ақжайық етті-жүнді саулықтарын түрлі генотипті қошқарларымен шағылыстыру арқылы алынған еркек кроссбредті етті-жүнді қозылардың ет өнімділігін зерттеу болып табылады.

Қазіргі заманғы ақжайық етті-жүнді қой тұқымының табыны ірілігімен, дене бітімінің дұрыс пішіндерімен және ет пен жүн өнімділігінің жақсы үйлесімділігімен сипатталады. Жануарлардың дене бітімі мықты және сүйегі жақсы дамыған. Басы орташа мөлшерлі, дөңес мұрынды және тік, көз деңгейі жабағы жүнмен, бет бөлімі ақ қылшықпен жабылған, мұрын мен құлаққа ұсақ қара дақтарға рұқсат етіледі. Мойны жұмыр, ұзындығы орташа, шоқтығы белі және омыртқасы кең, сегізкөзі құйрықтың жоғарғы бөлігіне түспейді, салбырап тұрмайды. Жамбасы жақсы дамыған, кеудесі терең және кең, қабырғасы жұмыр, кеудесі ауқымды. Аяқтары орташа ұзындықты және жақсы қойылған. Аяқ сүйектері мықты, ірі, нәзік емес.

Жүні біркелкі биязылау кроссбредті ақшыл түсті, иректілігі анық (1 см ұзындыққа 2-3 иректілігі), жылтыр, қалыңдығы орташа және жақсы, шайыры ақ түсті және крем түстес. Аталық қошқарлардың тірі салмағы 94-115 кг, жуылған жүн қырқымы 4,1-5,4 кг, жүн ұзындығы 13-18 см, жіңішкелігі 50-48

сапада, соған сәйкес саулықтарда 55-60 кг; 2,5-2,8 кг; 12-15 см; 58-50 сапада, төлдегіштігі 115-130 %.

Солтүстік кавказ етті-жүнді тұқымы - бұл Ресейдің ең үздік биязылау тұқымдарының бірі. Ол (1943-1960 жж.) Степнов ауданы, Ставрополь аймағы «Восток» кеңшарында шығарылған. Солтүстік кавказ қой тұқымын жоғары өнімділігі мен жақсы тұқым қуалаушылық қасиеттерінің арқасында Ресей мен Қазақстанда кеңінен қолданылады.

Солтүстік кавказ етті-жүнді қой тұқымы ірілігімен, дене бітімінің дұрыс жетілгенімен және еті мен жүн өнімділігінің жақсы үйлесімділігімен ерекшеленеді.Жүн ұзындығы 12-13 см, жіңішкелігі 56-50 сапа, иректілігі анық. Қошқарда жүн қырқымы 90-100 кг, саулықта 55-58 кг. Төлдегіштігі 120-130 %. Қойларды жайып-семірту және сойыс сапасымен ерекшеленеді. Сойған кезде 8 ай жасында ұша салмағы 20-21 кг салмақты құрады.

Куйбышев тұқымы (1936-1948) Самара облысында орналасқан шаруашылықтарда шығарылған болатын. Бастапқы аналық негізі ретінде мықты дене бітімімен, ірілігімен, қанағаттарнарлық жүн қырқымымен және жүнінің ұзындығымен ерекшеленетін черкасс қылшық жүнді саулықтары болды. Тұқым шығаруда жергілікті черкасс саулықтарын ромни – марш тұқымының қошқарларымен зауыттық будандастыру әдісі қолданылды. Негізінен будандастыру II ұрпақ будандарын алғанға дейін жүргізілді, өйткені одан әрі сіңіру жұмыстары өнімділікті жоғарлатпады, бірақ конституцияны әлсіретіп және малдың өміршендігін төмендетті. Біркелкі биязылау жүнді II ұрпақ будандарын «өз ішінде» өсірді.

Жабағысы штапельді құрылымды. Жүні ақ, біртекті, 58 – 48 сапа, ұзындығы 12 – 14 см. Жуылған жүн қырқымы қошқарларда 6 – 7 кг, саулықтарда 2,5 – 3,0 кг. Жуылған талшық шығымы 55 – 65%. Қошқарлардың тірілей салмағы 90 – 110 кг (164 кг жетеді), саулықтардың 58 – 63 кг (117 кг жетеді). Куйбышев тұқымының қойлары тез жетілгіштігімен ерекшеленеді. Төлдерді қарқынды бордақылауда 6 – 7 айында тірілей салмағы 40 – 45 кг, ал сойыс шығымы 45 – 50% жетеді. 5 – 7 айлығында әр 1 кг салмақ қосуына 5,5 – 6,5 а.ө. жұмсайды. Саулықтардың төлдегіштігі 120 – 130%.

Қолдан ұрықтандыру жұмысы бойынща 1-ші класты бонитировкадан өткен 3,5 жастағы 300 бас ақжайық етті-жүнді саулықтары тобы құрылған болатын. Барлық жануарлар клиникалық түрде сау және барлығы бір отарда бірдей жағдайда азықтандырылып, күтіліп-бағылды. Саулықтарды қолдан ұрықтандыру 2020 жылы 10-шы қараша айында басталды.

Саулықтарды іріктеу кезеңі сынақ қошқарлары арқылы анықталды. Тәжірибенің әдістемелелік дұрыстығына байланысты жаңадан алынған балғын шәуетпен ұрықтандыру үшін саулықтардың 3 тобы құрылды.Саулықтарды қолдан ұрықтандыру жалпы әдістеме бойынша интрацервикальды әдіспен әр 8-10 сағат сайын қажетті құрал жабдықпен жасалып отырды. Бір реттік мөлшері 0,2 мл құрады.

Зерттеу жүргізу үшін қошқарлар шәует сапалығына тексеруден өтті. Олар аналогтар принципі бойынша таңдап алынып және өз табындарының типтік өкілдері болды. Тәжірибеде қолданылған аталық қошқарлар элита класты және барлық стандарттарға сай болды. Ақжайық етті-жүнді қошқарларының орташа салмағы 95 кг, солтүстік кавказ – 97 кг және куйбышев тұқымы – 101 кг салмақты құрады. Аталық қошқарлардың жүн ұзындығы бойынша 13,0-14,0 см, жіңішкелігі 48 сапада болды.

Ақжайық және куйбышев қошқарларының шынайы жүн ұзындығы - 16,0-16,3 см, шамамен бірдей көрсеткіш деңгейінде. Солтүстік кавказ тұқымында бұл көрсеткіш шамалы жоғары нәтиже көрсеткен болатын. Бұл тұқымның ерекшелігін білдіретіні сөзсіз. Жүннің жіңішкелігіне байланысты жүргізілген зерттеулер, кроссбредті талаптарына сай келетінін көрсетеді.

Тәжірибедегі қошқарар топтары бойынша жүннің физикалық қасиеттері бұрында жасалған көптеген авторлардың зерттеулерімен сәйкес келетіні байқалды.

Бүйір жағындағы жүн жіңішкелігінің микроскопиялық талдау бойынша, бірінші топтағы қошқарлар жүні 48 сапада, талшық жіңішкелігі 32,5 мкм, бірақ 50 сападағы жүн талаптарына сәйкес; екінші және үшінші топтарда – 31,77 және 32,4 мкм немесе 48 сапада. Аталық қошқарлар жүні біркелкілігімен ерекшеленеді, бұл орташа квадраттық ауытқулар мен біркелкі емес коэффициенттердің төмен көрсеткішін көрсетеді (14,5 және 18,0% жоғары емес). Жабағы бойынша да жүн біркелкі болды. Қошқар жүнінің беріктілігі топтар бойынша 11,17 және 12,75 Сн/текс ауытқиды. Таза майсыздандырылмаған жүннің салмағына май құрамының ең жақсы көрсеткіштері 9,7% солтүстік кавказ аталық қошқарлары арасында байқалды. Лас және таза майсыздандырылмаған жүнде майдың әртүрлі мөлшері қошқарлардың физиологиялық ерекшелігімен түсіндіріледі.

Жалпы фенотиптік бағалау және өнімділіктің сипаты бойынша етті-жүнді бағытындағы кроссбредті типтегі қошқарлары іріктеп алынған. Олар ірілігімен, массивтілігімен, дене бітімімен, еттілігімен, мықты және физикалық-техникалық қасиеті бар кроссбредті жүнділігімен ерекшеленеді. Жануарлар бірдей қолайлы жағдайда азықтандырылып, күтіп бағылды.

Көрсетілген қошқарлармен шағылыстыру үшін 3,5 жастағы бірінші класты кешенді бағалаудан өткен ақжайық етті-жүнді саулықтарды үш топқа бөліп, 300 бастан әр топта 100 бас болды.

Жүн қырқымын есепке алу және салмағын өлшеу арқылы жеке бонитировкалау деректері бойынша,саулықтар бірінші класқа жатқызылды. Тәжірибедегі саулықтар негізгі өнімділік көрсеткіштері бойынша келесі деректерімен сипатталды. Саулықтардың орташа салмағы 53,2 кг, жуылған жүн қырқымы 4,0 кг, таза талшық шығымы 56,7 %.

Саулықтар жүнінің жіңішкелігі бойынша жүргізілген зерттеуге байланысты биязылау жүн талаптарына сәйкес келді.

Лабораториялық зерттеу деректері бойынша саулық жүнінің жіңішкелігі 56 сапада биязылау жүнге сәйкес. Ескере кету керек, штапельдің төменгі аймағы 27,2 мкм жіңішке және жоғары бөлігі 29,1 мкм жуан болды. Жүн жіңішкелігі зерттеуі бойынша 56 сапада және орташа 28,0 мкм-ді құрады. Жабағы мен штапель бойынша саулық жүні біркелкі болды. Жабағы бойынша сұрыптау негізінде екі және үш сорттан тұрады. Негізгі сорттың үлес салмағы

түрлерін, аталық іздері бойынша өсіру және жақсарту, өнімділігі жоғары жануарларды өсіру болып табылады.Өңірлерде шоғырланған тұқымдық генотиптердің әртүрлілігі шаруашылық жүргізуші субъектілерге тиісті табиғи-климаттық жағдайларда оларды өсіру үшін ең жақсысын таңдауға мүмкіндік береді.

Сондықтан, нарықтық экономика жағдайында селекциялық жұмысты күшейтумен қатар қой шаруашылығы өнімдерін, атап айтқанда қой етін жоғары сапалы алудың негізгі және тиімді технологиялары қажет[41-44]

Қазақстандағы ғасырлар бойы қалыптасқан объективті алдыңғы шарттары, яғни, ерекше табиғи-климаттық жағдайлар, сондай-ақ әлеуметтік байланысы бар орасан зор жайылымдық жерлері отандық мал шаруашылығының әр түрлі салаларының дамуына өз ықпалын тигізді [45-47].

Қой шаруашылығы өндірілетін өнімнің сан алуан жағынан Қазақстанның халық шаруашылығының шикізат пен тамақ өнімдерінің жекелеген түрлеріне деген қажеттіліктерін қанағаттандыруда теңдесі жоқ. Бұл ауыл шаруашылығының ежелгі мамандандырылған салаларының бірі және көбінесе өнім өндіруге, жұмыспен қамтуға және жергілікті халықтың әл-ауқатын арттыруға табиғи жемшөп алқаптарын пайдалануды қамтамасыз ететін жалғыз өндіріс құралы.

Сонымен қатар, дала және жартылай шөлейт жайылымдардың тепе-теңдігін сақтау үшін қой шаруашылығының маңызы зор [48-52].

Қой шаруашылығының экономикалық тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігі жаңа тұқымдарды, типтерді, аталық іздерді шығаруға, олардың өнімділігін арттыруға және олардан алынатын өнімнің сапасын жақсартуға тікелей байланысты [53-55].

Отандық қой шаруашылығы халықаралық нарықта сұранысы бар жоғары сапалы қой етін өндіруге бағытталған және де әр түрлі қасиеттерімен ерекшелетің жүнмен жеңіл, қайта өңдеу өнеркәсібі талаптарына сай кілем, тоқыма бұйымдарын дайындайтың әр түрлі шикізатпен қамтасыз етеді.

Жоғарыда көрсетілген өнімдердің есебінен жүзеге асырылуы тиіс, табиғи жайылым мен жемшөпті барынша пайдалану, бұл бағыт аз қаражат ететің қой өсіру қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында тиімділігін арттырады [56-59].

Қойлардың өнімділік сапасы мен биологиялық ерекшеліктері зерттелді, сондай-ақ өнімділігі жоғары биязы жүнді, биязылау жүнді, ұян жүнді, қылшық жүнді қой тұқымдарының табыны құрылды.

Жаңа зауыттық аталық іздері мен тұқымішілік типтері шығару кезінде тұқымішілік селекция әдістері қолданылды, сондай-ақ тұқымаралық будандастырудың әр түрлі оңтайлы нұсқалары ұсынылды.

Ал, жаңа типтегі етті-жүнді және жүнді-етті бағыттағы өнімділігі бар қойларды қалыптастыру үшін шетелдік селекциялы тұқымдардың генетикалық әлеуетін пайдалануға толық мүмкіндітер бар [60-61].

Соңғы жылдары Қазақстанда қой мен ешкі санының азаюы, малдың өнімділігін төмендеуі және өндірілетін өнімнің сапасын нашарлануы байқалады.

Сойыс көрсеткіштерінің нәтижесі бойынша әртүрлі топтағы еркек қозылардың ұшаларының салмақтары стандартқа сай келетіндігі анықталынған.

Құйрығы үлкен еркек қозылар ұша салмақтарының көрсеткіштері бойынша қатарластарынан тиісінше 3,3 және 3,8 кг, сойыс шығымы 4,6 және 6,1%, ал құйрықтары – 1 және 2 кг артқан.

Бірақ ішкі майының салмақтарында керісінше тенденция байқалынады, яғни III топқа жататын еркек қозылар I және II топтағылардан 50% шамасында артық көрсеткіштерге ие болып отыр.

Барлық топтағы еркек қозылардың ұшаларындағы бұлшық ет пен сүйек ұлпалары қатынастарын зерттеуге байланысты, ұшаның морфологиялық құрамы бойынша айырмашылықтар бар екендігі анықталды. Сонымен қатар еттілік коэффициент бойынша ерекшеленетін I және II топтағы еркек қозылар (3,7 және 3,0) III топқа жататындардан 1,2 және 0,5 кг дейін артып отыр.

2.5 Қой еті мен құйрық майының энергетикалық құндылығы

Малдардың етінде түлік түріне, тұқымына, жасына және жынысына қарай адам асқазанындағы жақсы сіңірілетін күйдегі 35,0-55,0% құрғақ зат, 10,5-20,0% ақуыз, 15,0-45,0% май, 1,0-5,0% минералдық заттар, сондай-ақ А, Д және В тобының дәрумендері сияқты басқа да көптеген құнды заттар бар. Сондықтан қай түліктің болсын еттілік қасиеттерін жетілдіру – селекция жүйесінің ерте заманнан бері түбегейлі мәселесі.

Қой етінің сиыр және шошқа етіне қарағанда бірқатар ерекшеліктері бар. Ақуыздылығы жағынан қой еті сиыр етіне жақын, шошқа етінен жоғары, ал майлылығы мен каллориялығы жағынан сиыр етінен артық, шошқа етінен төмен. Қойдың бұлшық етінде жалпы амин қышқылдарының болуы жағынан ірі қарамен, шошқамен салыстырғанда айтарлықтай айырмашылық жоқ: тиісінше 46,8, 48,5, 47,9% құрайды.

Тағамдық мал майы ең алдымен пальмитинді, стреагенді және аз мөлшерде өзге май қышқылдарынан тұрады. Қой майының сиыр және шошқа майынан ерекшелігі – онда пальмитинді май қышқылы 3-4%, ал стеаринді қышқыл 5-12% көп болады. Көп қанықпаған май қышқылдары – линолды, линоленді және архидті қышқылдардың жалпы жиынтық мөлшері жағынан қой майы шошқа майынан төмен, ал сиыр майынан жоғары.

Қой майының бағалы қасиеті – холестериннің тым аз болуы, 29 мг/%, ал сиыр майының құрамында – 75 мг/% және шошқа майында – 75-126 мг/%.

Қой етінде шошқа етіне қарағанда никотин қышқылы, биотин және В12 дәрумені көп болады, бірақ онда тиамин, пантогенді қышқыл және В6 дәрумені аз. Сиыр етімен салыстырғанда қой еті тиаминге, рибофлавинге, никотин қышқылына бай, бірақ қой етінде фолис қышқылы және В6 дәрумені аз болады.

4.2 Төлдердің өсуі мен дамуы

Етті-жүнді қой шаруашылығында тірі салмақ тәжірибеде өте маңызды, жанувар салмағы көлемді болған сайын, соғұрлым ет пен жүнді көп береді. Постэмбрионалды кезеңде жануардың өсуі мен дамуы дене бітімі мен тірі салмақ арқылы анықталады. Енесінің құрсағында дамуын туылған кездегі тірі салмақ көрсеткіші арқылы, ал дене салмағын енесінен айырған кезде білуге болады.

Төлдің тірі салмағының өзгергіштігіне бірнеше факторлар, яғни, тұқым ерекшеліктері, ата-аналықтары салмағы және олардың жастары, сондай-ақ физиологиялық жағдайы, азықтандыру және күтіп-бағылу жағдайы әсер етеді.

Тәжірибедегі төлдердің дене салмағының өзгерісін 13-ші кестеден көруге болады.

Кестеде көрсетілгендей, төлдің туылған кездегі дене салмағы және басқа кезеңдерде де қанағаттарлықтай көрсеткіштер көрсетті.

Туылған кездегі салмақ нәтижесі бойынша солтүстік кавказ және куйбышев қошқарларының төлдері ақжайық етті- жүнді ұрпақтарымен салыстырып қарағанда жоғары көрсеткіштер көрсетті: еркек қозылар – 6,1 және 10,7 %; ұрғашы қозылар – 5,8 және 7,8 %.

Екінші және үшінші топтағы артықшылық 4,5 айлық, 8 және 12 айлығында да бірінші топпен салыстырғанда сақталды. Солтүстік кавказ және куйбышев тұқымдарының екінші және үшінші топтарындағы бір жастағы тоқтылары ақжайық тұқымынан 3,4 және 8,1 % -ға жоғары болды.

13 кесте - Тәжірибедегі төлдердің дене салмағының өзгерісі, кг

Топтар	n	Тірі салмағы, кг			
		Туылған кезде	4 – 4,5 ай	7,5 – 8 ай	12 ай
		$\bar{X} \pm S_{\bar{x}}$	$\bar{X} \pm S_{\bar{x}}$	$\bar{X} \pm S_{\bar{x}}$	$\bar{X} \pm S_{\bar{x}}$
Еркек қозылар					
АЕЖ х АЕЖ	63	4,20±0,11	29,11±0,23	34,40±0,51	
СК х АЕЖ	58	4,46±0,08	31,43±0,27	36,60±0,48	
КБ х АЕЖ	53	4,65±0,13	32,26±0,22	37,35±0,54	
Ұрғашы қозылар					
АЕЖ х АЕЖ	55	3,94±0,11	27,61±0,27	30,63±0,50	38,1±0,54
СК х АЕЖ	56	4,17±0,14	28,10±0,25	31,20±0,35	39,4±0,62
КБ х АЕЖ	53	4,25±0,12	28,92±0,30	31,80±0,40	41,2±0,48

Дегенмен, ұрпақтарының дене салмағы аталық-аналық генетикалық ерекшеліктері және гетерозиске байланысты болды. Кроссбредті қойлардың маңызды ерекшелігі – олардың тез жетілгіштігі (14 кесте).

Қой етінде кальций мен фосфор ерекше мол. Құрамында микроэлементтердің (мыс, қорғасын) болуы жағынан қой еті басқа ет түрлеріне қарағанда едәуір дәрежеде.

Кесте 10 – Қой еті мен құйрық майының тағамдық-энергетикалық құндылығы

Өнім түрі	Құрамы, г				Калориялығы, Ккал / КДж
	Ылғал	Ақуыз	Май	Күл	
Ет	68,8	17,3	13,0	0,9	191,5 / 801,8
Құйрық майы	0,9	1,5	97,5	0,1	872,4 / 3652,4

Химиялық анализ нәтижесінде тәжірибедегі еділбай қозыларының ет пен құйрығының құрамындағы ылғал мен майдың көлемі сарыарқа тұқымынантиісінше 9,3 және 11,8%, қазақы қылшық жүнді құйрықты тұқымынан – 9,4 және 8,5% артықшылығы, ал джайдара тұқымынан 7,2 және 10,7% кемшілігі анықталынған.

Еттегі ақуыз құрамының көрсеткіші қалып деңгейінде (16-18%) екендігі белгілі болды.

2.6 Жүн өнімділігі

Қой жүні белгілі бір физикалық қасиеттерімен ерекшеленеді. Барлық мал түрлерінің ішінде қойдан маңызы бар жүн алынады. Жүн өнімділігіне тұқымы, типі, жасы, жынысы, күтіп-бағуы мен азықтандыруы және өзіндік физиологиялық жағдайлар әсер етеді.

Қой шаруашылығы саласын өркендету жолындағы көптеген ғалымдар еңбектерін ет-жүн бағытында өсірілетін әртүрлі құйрықты қой тұқымдарының жүн өнімділіктерін зерттеуге арнаған [26-28].

Жүн өнімділігінің сандық белгілеріне сыртқы факторлардың әсері жоғары деңгейде ықпалын тигізеді, осы тұрғыда оның генетикалық және фенотиптік өзгергіштіктерінің өзара ара-қатынасын зерттеп анықтаудың маңызы зор.

Тұқымдық қасиеттерге негізделген жүн түсімінің көрсеткіші дене бітімі, сыртқы пішіні және тірілей салмағы сияқты белгілерге қарағанда паратиптік факторлар әсеріне өзгергіштік деңгейі тұрақты.

Біздің зерттеулерімізге сай күздік қырқылған жүн өнімінің физикалық салмағы жағынан жоғары көрсеткіші жүні неғұрлым сапалы, яғни І класқа жататын (І топ) ұрғашы қозыларынан алынған (кесте 10).

І топтағы ұрғашы қозылардың жүні ІІ және ІІІ топтағы қатарластарына қарағанда 16,7 және 40,0% артық өнім берген.

Жүн ұзындығы – қойдың жалпы өнім деңгейіне ықпалын тигізетін селекциялық және технологиялық көрсеткіш болып табылады. Жүн ұзындығы

---

3. Ақжайық етті-жүнді қойлардың ет өнімділігін жоғарылату әдістері

Қазіргі уақытта қарқындату жағдайында елдің аграрлық секторының неғұрлым перспективалы бағыты мал шаруашылығы болып табылады, толық ішкі қажеттіліктерін қамтамасыз ететін нарық, агроөнеркәсіптік кешен өнімдерін, сондай-ақ экспорттық әлеуетті іске асырады.

Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін ауыл шаруашылығы малдардың асыл тұқымды қасиеттерін жақсарту және өнімділік көрсеткіштерін арттыру ағымдағы жағдайы мен перспективаларын ішкі тұтыну көлемінің артуы есебінен мүмкіндік туады.

Бұл жағдайда, қой шаруашылығы өте маңызды рөл атқарады, халықтың қажеттілігін ерекше түрлі шикізатпен және азық-түлік қамтамасыз ету бағытында. Ол үшін Қазақстан Республикасында сан алуан табиғи-климаттық, экономикалық және этникалық факторлардың айтарлықтай оң әсері, осы саланы дамытуға түрлі географиялық аймақтар жеткілікті [29-33].

Биязылау етті-жүнді бағыттағы қойлар өсу қуаты мен ет өнімділігінің жоғарылығымен, ерте жетілгіштігімен ерекшеленеді және азық шығындарын жақсы өтеп, кроссбредті жүн мен тері шикізатының негізгі көзі болып табылады.

Етті-жүнді қой шаруашылығында малдың тірі салмағы өте маңызды орын алады, жануардың салмағы жоғары болған сайын, соғұрлым ет пен жүнді көп беретіні белгілі.

Постэмбрионалды кезеңде жануардың өсуі мен дамуы, дене бітімі мен тірі салмағы арқылы анықталады. Енесінің құрсағында дамуын туылған кездегі тірі салмағы көрсеткіші арқылы, ал дене салмағын енесінен айырған кезде білуге болады [34-36].

Қой шаруашылығының қозы етің өндірісіне мамандануы ет өнімділігінің жоғары деңгейімен сипатталатын тұқымдардың болуын талап етеді.

Бұл талапқа ет пен жүн бағытындағы тұқымдары жауап береді, олардың ең маңызды биологиялық ерекшелігі – қозылардың ерте пісіп - жетілуі, қарқынды өсуі мен дамуы, азықты өнімге тиімді айналдыруы, жануарларды ерте жастан тауарлық мақсатта пайдалану мүмкіндігі[37-40].

Малдың қандай да бір түрін өсіру тиімділігін анықтайтын өнімділіктің маңызды белгілерінің бірі ретінде тірі салмағы қойлардың нарық жағдайында бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Жануардың дамуы, оның конституциялық ерекшеліктері, өнімділік бағыты мен деңгейі туралы белгілі бір түсінік дененің өлшемін алу және дененің индексін есептеу арқылы оның сыртқы ерекшеліктерін зерделейді. Бұл ретте осы түр мен өнімділік бағытының жануарларына тән сыртқы пішіндердің айқындылығы едәуір дәрежеде олардың шаруашылық жарамдылығын куәландырады[37-40].

Қой өнімділігін арттырудағы табыстың маңызды құрамдас бөлігі генетикалық әлеуетті жақсарту, тиімді пайдалану және жалпы қой шаруашылығы индустриясының технологиясын сақтау, тұқымдарды,

---

3,4-37,2% ауытқыды. Штапель біркелкілігі жақсы, талшықтың жіңішкелігі біркелкі емес коэффициенттері бойынша 20,4% -дан жоғары емес.

Жүргізілген зерттеу нәтижесі бойынша саулық жүнінің беріктілігі топтар сәйкес 11,17 және 12,75 Сн/текс құрады.

Штапельдің орташа және жоғары бөлігі беріктігімен сипаталғанымен, төменгі бөлігінің беріктілігі 8,5 сН/текс жіңішке болып келеді. Тәжірибеге қолданылған саулықтар жүн беріктілігі 8,0 сН/текс біркелкі биязылау жүн талаптарына толық сәйкес келді. Саулықтар жүнінің ұзындығы 11,2 см; шынайы жүн ұзындығы 13,5 см және бірінші класс стандарттарына сәйкес келді.

Сонымен, ақжайық етті-жүнді саулықтар жүні кроссбредті, кроссбредті типтің барлық талаптарына сәйкес келді.

Ата-аналық формадағы және олардан алынған ұрпақтардың жүн өнімділігі қойларды жеке бонитировкалау кезінде жүн қырқымын есепке ала отырып зерттелінді. Жүн талшықтары үлгі сапасын Қой шаруашылығы филиалы ЖШС ҚазМШАӨҒИ, ҒЗО лабораториясында ВИЖа әдістемесі арқылы зерттеу жүргізілді.

Жабағылар негізгі топографиялық бөлімдерде талшықтың жіңішкелігімен, табиғи және шынайы ұзындығымен бағаланады. Сонымен қатар, біркелкілік және жүннің ірімділігі, шайыр құрамы, оның түсі мен мөлшері, арқадағы штапельдің ластанған бөлігі анықталды. Жүннің жіңішкелігі компьютерде бағдарламалық қамтамасыз ету көмегімен, әрбір екі параллельді 200 талшық қалыңдығының сынамасын өлшеу арқылы – жылдың әртүрлі маусымдарында жүн талшықтарының өсуіне сәйкес келетін штапельдің төменгі, орта және жоғарғы аймақтарында анықталды. Талшық шоғырының үзілуге беріктігі әрбір аймақта 20 шоғыр бойынша ДШ-3М динамометрінің көмегімен анықталатын болатын.

Жүн майын зерттеу Сокслет аппаратында талшықтардың үлгілерін экстракциялау арқылы әдісімен жүргізілді. Экстракцияға дейінгі және одан кейінгі әрдайым құрғақ салмақтың айырмашылығына сәйкес әр сынамадағы жүн майының массасы жуылған майлы емес жүннің тұрақты құрғақ салмағының пайызы ретінде есептеленді.

Саулықтардың өсімін молайту қабілеті күйекке келген дарақтардың санын анықтау, ұрықтану және өсімталдық пайызын есептеу, сондай-ақ 100 қоздаған саулықтарды есептегендегі қозылардың шығымы бойынша зерттелді.

Селекцияланатын белгілердің генетикалық параметрлерін анықтау, сондай-ақ эксперименттік зерттеулердің сандық материалдары жаңа компьютерлік бағдарламаларды-Past, TPS, MorphoJ және GNumeric пайдалана отырып, Н.А.Плохинский және Е.К. Меркурьева бойынша вариациялық статистика әдісімен өңделді.

Төлдерді өсірудің экономикалық тиімділігі НИОКР жаңа өнертабыстардың технологиялары мен рационализаторлық ұсыныстардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін ауылшаруашылық пайдаланудың рентабельділігін есептеу әдісімен анықталды.

Зерттеу объектісі ретінде жоғарыда көрсетілген жұптау нұсқасы бойынша алынған төлдер болды. Тәжірибедегі саулықтар, сонымен қатар, олардан алынған төлдер азықтандыру мен күтіп-бағудың бірдей жағдайында болды, қысқы кезеңде жеммен және құнарландырылған азықтармен қоректенді.

қырқылған жүн түсіміне ғана емес, басқа да бірқатар шаруашылыққа пайдалы белгілерге әсері зор.

Кесте 10 – 4 айлық ұрғашы қозылардың жүн сапасына байланысты жүн өнімділігінің өзгергіштігі

Топтар	n, бас	Жүн түсімі		Таза жүн шығымы, %	Жүн ұзындығы			
					Қылшық		Түбіт	
		$\bar{X}\pm m_{\bar{x}}$, кг	C_v, %		$\bar{X}\pm m_{\bar{x}}$, см	C_v, %	$\bar{X}\pm m_{\bar{x}}$, см	C_v, %
I	33	0,7±0,1	11,0	64,3	10,0±0,3	14,6	4,9±0,2	23,4
II	31	0,6±0,5	11,9	64,3	8,0±0,3	17,3	4,4±0,3	29,1
III	31	0,5±0,3	13,2	56,8	8,8±0,3	18,7	3,4±0,2	25,5

Жоғарыда келтірілген мәліметтерге қарағанда I топқа жататын қозылардың жүн ұзындығы өзгелерден жоғары болған (10,0 және 4,9 см). Ал бұл көрсеткішті құрдастарымен салыстырғанда жүн қылшығының ұзындығы бойынша тиісінше 2,0 және 1,2 см немесе 25,0 және 13,6% артқан. Жүн түбітінің ұзындығы бойынша 0,5 және 1,5 см немесе 11,4 және 44,1% артқан. Ең төменгі көрсеткіштерді III топтағы қозылар құраған (8,8 және 3,4 см).

Жүн түсімі негізінен түбіт ұзындығының құрамындағы шайыр көлемінің концентрациясына тікелей байланысты болып келеді. Түбіт қабаты неғұрлым жоғары болған сайын, жүн түсімінің физикалық салмағы соғұрлым артады. Мамандардың: «Түбіті ұзын, ал қылшығы қысқа жүннің өнімі мол болады»,- делінген тұжырымы біздің зерттеу нәтижелерімізбен де айқындалып отыр.

Жүн түбітінің жүн қылшығына қатынасы бойынша неғұрлым сапалы жүнді (I класс) қозылардың көрсеткіші (49,0%) құрдастарына қарағанда тиісінше 2,4 және 10,4% артықшылықты құраған. I топқа жататын ұрғашы қозылардың үлесіне тиетін (49,0%) елеулі айырмашылық III топтағылармен (38,6%) салыстырғанда анықталынған.

Жоғарыдағы мәліметтер бойынша I топқа жататын қозылардың жүн өнімділігі II және III топқа жататындарға қарағанда анағұрлым жоғары екендігі анықталынған, тиісінше 0,4 және 0,5 кг немесе 28,6 және 38,5% құраған.

Кесте 11 – 12 айлықтығы ұрғашы тоқтылардың жүн сапасына байланысты жүн өнімділігінің өзгергіштігі

Топтар	n, бас	Жүн түсімі		Жүн ұзындығы			
				Қылшық		Түбіт	
		$\bar{X}\pm m_{\bar{x}}$, кг	C_v, %	$\bar{X}\pm m_{\bar{x}}$, см	C_v, %	$\bar{X}\pm m_{\bar{x}}$, см	C_v, %
I	30	1,8±0,6	30,5	14,7±0,4	28,7	6,6±0,5	20,0
II	25	1,4±0,1	18,3	14,5±0,3	15,6	6,0±0,1	19,6
III	25	1,3±0,4	20,2	13,2±0,7	41,3	5,4±0,9	24,9

Бұл тенденция жүн ұзындығы көрсеткіштерінде де байқалынады (14,7 және 6,6 см), яғни қатарластарымен салыстырғанда жүн қылшығының ұзындығы бойынша тиісінше 0,2 және 1,5 см немесе 1,4 және 11,4%, ал жүн түбітінің ұзындығы бойынша 0,6 және 1,2 см немесе 10,0 және 22,2% артық болған. Ең төменгі көрсеткіштерді III топтағы қозылар құраған (13,2 және 5,4 см).

Зерттеліп отырған 4 және 12 айлықтағы ұрғашы қозылар мен тоқтылардың жүн өнімділігінің фенотиптік өзгергіштігі (*Cv*) орташа деңгейде деп тұжырымдауға болады. Соның ішінде жүн түсімінің көрсеткіштері бойынша сүт емген кезеңге (36,1%) қарағанда ересек жастағы (69,0%) өзгергіштік айтарлықтай жоғары болған, ал жоғары деңгейдегі фенотиптік өзгергіштіктің мүмкіндігі – неғұрлым мол, әрі сапалы жүн өндірудің қайнар көзі болып табылады.

Жеке алынған топтар бойынша талдау жасайтын болсақ, жоғары деңгейдегі өзгергіштік 4 айлықта III топ өкілдерінде байқалынса, 12 айлықта бұл тенденция жүн сапасы неғұрлым жоғары I топтың үлесіне түбегейлі ауысып отыр.

Жүн түсімімен қатар, зерттеліп отырған жүн ұзындығының өзгергіштігі тәжірибелік селекцияның бағытын анықтауға зор үлес қосатын деңгейде болып отыр. Жеке топтар бойынша серпімділігі әрқилы болғанымен, жалпы тұрғыда өзгергіштік деңгейі барлықтарында да орташа дәрежелі көрсеткіштерге ие.

Сонымен, жоғарыда келтірілгендей, зерттеліп отырған селекциялық белгілердің топ арасындағы ерекшеліктерін ескере отырып, қойлардың көптеген шаруашылыққа пайдалы көрсеткіштері, оның ішінде жүн түсімінің көлемі мен жүн ұзындығы арасында оң корреляцивтік байланыс бар екендігі анықталды.

4. Ақжайық етті-жүнді қойлардың өнімділігін жетілдіру жолдары

4.1 Зерттеу материалдары мен әдістемесі

Ғылыми-өндірістік тәжірибелердің зерттеу бөлігі Ақжайық ауданы Алғабас ауылдық округінде орналасқан «Қуаныш» ШҚ-дағы, сондай-ақ лабораторлық зерттеулер Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті «Биотехнология және табиғатты пайдалану» ҒЗО жағдайында жүргізілді.

Зерттеу нысаны ретінде биязылау етті-жүнді бағытындағы кроссбредті қой тұқымдары: ақжайық, солтүстік кавказ және куйбышев қой тұқымдары алынды.

Қой тұқымдарын іріктеу биязылау қой тұқымдарының бонитировка нұсқаулықтарына сәйкес (МСХ РК: Республиканская палата овцеводства, 2017) жүргізілді, сонымен қатар, етті-жүнді қой тұқымдарын селекциялық-асылдандыру жұмыстары бойынша біз жасаған ұсыныстар қолданылды (Орал, 2015, 2016, 2017). Тәжірибедегі қойлардың өнімді-тұқымдық қасиеттері мен биологиялық ерекшеліктері жалпы қабылданған зоотехникалық-зерттеу әдістеріне сәйкес жеке әдістермен (ВАСХНИЛ, ВИЖ, ВНИИОК, ЦНИИ) зерттелетін болады.

Ақжайық етті-жүнді қой тұқымының кейбір өндірістік көрсеткіштерін жақсарту мақсатында 2019 жылдың қазан айында ВНИИОК (г. Ставрополь, Россия) гендік қорынан етті-жүнді солтүстік кавказ аталық қошқарларының тоңазытылған ұрығы әкелінді. Ставрополь аймағы, Степнов ауданы «Восток» асыл тұқымды шаруашылығына тиесілі шәует өнімі 1995 жылы етті-жүнді солтүстік кавказ аталық қошқарларынан алынды (қошқарлардың номерлері: 35500, 353000, 840).

Етті-жүнді солтүстік кавказ қошқарларының қатты тоңазытылған шәуетін етті-жүнді ақжайық саулықтарына пайдалануға байланысты тәжірибе жүргізген болатынбыз. Айта кететін жайт, солтүстік кавказ және ақжайық етті-жүнді кроссбредті биязылау біртекті жүнге жататын қой тұқымдары болып табылады.

Ақжайық етті-жүнді саулықтарымен солтүстік кавказ аталық қошқарларының терең мұздатылған шәуетін қолданудан жартылай қанды будандар алынған болатын, кейіннен ақжайық етті-жүнді қойларына жақсартушы ретінде пайдалана бастады.

Самара облысы «Дружба» асыл тұқымды мал зауытынан биязылау жүнді ромни-марш типті куйбышев тұқымының аталық қошқарлары әкелінді.

12 кесте – Тәжірибе сызбасы

Топ	Тұқым				Ұрпақ
	Қошқарлар	Саулықтар			
			n	класс	
I	АЕЖ	АЕЖ	100	I	АЕЖ х АЕЖ
II	СК	АЕЖ	100	I	СК х АЕЖ
III	КБ	АЕЖ	100	I	КБ х АЕЖ

Шартты белгілер:	АЕЖ – етті-жүнді ақжайық тұқымы
	СК – етті- жүнді солтүстік кавказ тұқымы
	КБ – куйбышев тұқымы (ромни-марш типті)

Ғылыми-өндірістік тәжірибе әдістемесіне сәйкес бір отарда, тек қана бірдей паратиптік азықтандыру, күтіп-бағу жағдайларында болатын аналогтар жұптары (Овсянников А.И., 1976) принциптері бойынша 3 тобы құрылды.

Барлық топтардағы саулықтарды 10 қараша мен 5 желтоқсан аралығында визоцервикалды әдіс арқылы элита класына жататын аталық қошқарлардан алынған балғын шәуетпен қолдан ұрықтандыру жұмысы жүргізілді. Саулықтардың төлдегіштік сапасын жақсарту мақсатында бір күн ішінде сол қошқардың шәуетімен 2 рет: таңертен және түстен кейін 8 сағат аралығында ұрықтандырылды.

Төлдердің дене салмағы туылған кезде, 4-4,5, 7,5-8 айлығында және 1,5 жасында өлшенді. Тірі салмағын өлшеу барысында абсолютті, орташакүндік және салыстырмалы көрсеткіштері анықталады. Ал ересектерінде тірі салмақтары күзде, жайылымнан кейін нақтыланды. Сонымен қатар, осы кезеңдерде экстерьерлік ерекшеліктері негізгі дене өлшемдері арқылы алынған (кеуде орамы, тұлғасының қиғаш ұзындығы) және дене индекстері есептеу (сүйектілік, созылғыштығы, кеуделілігі) анықталды.

Еркек қозылардың бақылау сойысы әр топта 5 бастан 4-4,5 және 7,5-8 айлығында еттілік өнімділігі анықталды. Жануарларды жекелей сойыс алды салмақтарын 24 сағаттық ашыққанан кейін қос ұшаның салмағын, іш майының салмағын және сойыс салмағын, сондай-ақ аталған өнімдердің сойыс шығымын анықталды.

Салқындатылған ұшаны сылып алу нәтижелер бойынша, яғни, сүйектен ажыратылған сұрпы ет салмағының үлес салмағы бойынша морфологиялық құрамы мен еттілік коэффициенті анықталды. Еттің химиялық құрамы мен энергетикалық құндылығын анықтау «Тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін талдау әдістемесі» басшылығының негізінде Қазақстан тағамтану академиясының жанындағы «Нутритест» зертханасында жүргізілді.

Сойыс өнімдерін ескерумен қатар, сойылған қозылардың ұшаларын МемСТ 31777-2012 сәйкес 8-ге бөлшекке кесу арқылы еттің шығымдылығы белгіленді.

көрсеткіштеріне сойыс алдындағы тірі салмағы, ұша салмағы, іш майының салмағы, сойыс салмағы және сойыс шығымы жатады (15 кесте).

Сойыс кезінде алынған ұшалар салмағы 12,7 кг және одан жоғары нәтижені көрсетті.

Бақылау сойысы деректері бойынша, үшінші топтағы еркек қозылардың ет өнімділігі жоғары – сойыс салмағы бойынша бірінші топтағыдан 1,4 кг немесе 10,0%, үшінші топтан – 2,6 кг немесе 20,4 % болды. Будандар арасындағы айырмашылық статистикалық түрде дәлелді (P > 0,95-0,999).

15 кесте - Сойыстың негізгі өнімдерінің салмағы және шығымы (4,5 ай. n=3)

Көрсеткіштер	Топ		
	I	II	III
Сойыс алдындағы салмағы, кг	33,5±0,17	31,1±0,14	35,4±0,15
Булы ұшаның салмағы, кг	13,9±0,11	12,7±0,10	15,3±0,12
Булы ұшаның шығымы, %	41,5	40,8	43,2
Іш майдың салмағы, кг	0,71±0,03	0,68±0,03	0,62±0,02
Іш майдың шығымы, %	2,1	2,2	1,7
Сойыс салмағы, кг	14,6±0,17	13,3±0,13	15,9±0,15
Сойыс шығымы, %	43,6	42,7	44,9

Бірінші және екінші топтарды өзара салыстыратын болсақ, І топтың ІІ топтан асқан басымдылық көрсеткені белгілі болды. Сойыс шығымы бойынша, III топ бірінші топтан 1,3 %, екінші топтан 2,2 % асып түсті.

Аталық жағынан еттілік көрсеткіштеріне әсер еткені осыдан көруге болады. Бұл жерде аталық қошқарлар ет өнімділігін жақсартушы болып табылады.

Екінші топта ет сапасы бойынша іш майының көрсеткіші төмен болғанымен еттілік қасиеттеріне әсерін тигізген жоқ.

Жалпы, барлық биязылау жүнді тұқымдары төлдерінің сойылып алынған ет ұшалары жақсы қалыптасқан және етті-жүнді өнімділік бағытындағы қойлардың еттілік көрсеткіштеріне толықтай сәйкес келеді.

Ұшаның сапасы едәуір дәрежеде бірінші сортты бөліктер шығымымен анықталады, өйткені еттің құнарлы құндылығы мен ұшаның әр түрлі бөліктерінің дәмдік сапасы бірдей емес.

Бірінші сортты еттің шығымы жоғары болып екінші және үшінші топтағы төлдің ұшаларынан байқалды (16 кесте).

құрамында болмашы артықшылық байқалады. Салыстырмалы топтарда осы көрсеткішпен салыстырғанда бірінші сорттардың шығуының біршама өсуі байқалады.

Үшінші топтағы еркек қозылардың арасында екінші сортты бөліктердің шығымдылығы 19,7% төмен болды, мұнда аталық жағынан куйбышев тұқымының қошқарлары болды.

20 кесте - Ұшаның сорттық құрамы (8 айлық), n=3

Тұқымы	Салқындатылған ұшаның орташа салмағы, кг	I сорт		II сорт	
		кг	%	кг	%
АЕЖ х АЕЖ саулықтары I кл	17,33	13,64	78,7	3,69	21,3
СК х АЕЖ саулықтары I кл	18,56	14,76	79,5	3,80	20,5
КБ х АЕЖ саулықтары I кл	19,96	16,03	80,3	3,93	19,7

Төлдердің етінің морфологиялық құрамын тексеру және еттілік коэффициентің анықтау мақсатында еркек қозылардың ұшалары іріктеудің барлық нұсқаларынан бөлініп алынды.

Ұшаларды бөлшектеп алу және еттілік коэффициенті нәтижелері 21-ші кестеде көрсетілген.

Морфологиялық құрамы бойынша алынған барлық ұшалар (77,7 – 79,9) еттіліктің жоғары шығуымен сипатталды. Ет пен сүйектің ең жақсы арақатынасы (екінші және үшінші) топтарында байқалады, онда импорттық селекциялық аталық қошқарлары қатысқаны белгілі.

Енесінен айыру кезіндегі сойыспен салыстырғанда 8 айлығында еттіліктің шығымы барлық топтар бойынша орташа есеппен 0,6%- ға артты. Еркек қозыларды 8 айлығында бақылау сойыс кезіндегі еттілік коэффициенті етті-жүнді қойлардың ұшасының ет сапасын жақсартуға әсерін көрсетеді .

Қой еті - өте құнды азық болып саналады. Ақуыздың, алмастырылмайтын бағалы аминқышқылдарының, витаминдер мен минералды заттардың құрамы бойынша ол сиыр етінен кем емес, ал калориялығы бойынша тіпті жоғары болып келеді.

21 кесте - Ұшаның морфологиялық құрамы және еттілік коэффиценті (8 айлық)

Тұқымы	Салқындатылған ұшаның орташа салмағы, кг	Етті бөлігі		Сүйектер		Еттілік коэффиценті
		кг	%	кг	%	
АЕЖ х АЕЖ саулықтары I кл	17,33	13,47	77,7	3,86	22,3	3,48
СК х АЕЖ саулықтары I кл	18,56	14,65	78,9	3,91	21,1	3,74
КБ х АЕЖ саулықтары I кл	19,96	15,95	79,9	4,01	20,1	3,97

Еттің химиялық құрамын зерттеу нәтижелері тәжірибелік еркек қозылардың ұша етіндегі ақуыз мен күлдің құрамында үлкен айырмашылықтар байқалмағанын көрсетеді.

Майдың мөлшері бойынша I және II топтағы еркек қозыларлардың ұшалары алғашқыға қарағанда біршама жоғары - 1,3 және 0,4%. Үшінші топтың сәл артықшылығы бар, топтардың жұмсақ етіндегі ылғалдылық 60,1-60,5% аралығында болды.

Егер еттің калориясын қарастыратын болсақ, онда үшінші топтағы май мөлшері жоғары (23,0%) және осының салдарынан калория мөлшері жоғары болды - 2958,9 МДж.

Сөйтіп, еркек қозылар төлдегеннен кейін 8 айға толғанда, бақылау сойыс кезінде топтардан 17,86 - 20,55 кг салмақтағы ұшалар алынған.

Сонымен қатар, ет өнімділігінің ең жақсы көрсеткіштері импорттық селекциялық аталық қошқарларының будандарында байқалады. Жалпы, бақылау сойысында барлық салыстырылатын топтардың еркек қозылары етті-жүнді өнімділігінің бағытына сәйкес келетінің көрсетті.

Екінші тәжірибеде шағылыстыруға алынған аталық қошқарлардың өнімділік көрсеткіштері келесідей болды: солтүстіккавказдық етті-жүнді тұқымының қошқарларының тірілей салмағы 102 кг, жүн қырқымы – 8,0 кг, жүн ұзындығы – 15 см және 48 сапада болды, куйбышевтық тұқымының қошқарларының көрсеткіштері сәйкесінше: 110 кг, 7,5 кг, 13 см, 50 сапада.

Тәжірибе жүргізу үшін ақжайық етті-жүнді тұқымының бірінші бонитировкалық класқа жатқызылатын саулықтарынан екі топ құрылды. Тірілей салмағы мен жүн өнімділігі бойынша өзара ұқсас келді және орташа тірілей салмағы 55,5 кг, жуылмаған жүн шығымы – 4,3 кг, жүн ұзындығы – 12 см және жүн 58-56 сапада болды.

жуылған жүн қырқымы 4,1-5,4 кг, жүн ұзындығы 13-18 см, жіңішкелігі 50-48 сапада, соған сәйкес саулықтарда 55-60 кг; 2,5-2,8 кг; 12-15 см; 58-50 сапада, төлдегіштігі 115-130 %.

Ақжайық етті-жүнді және волгоград биязы жүнді аталық қошқарлардың өнімділігі 8-кестеде келтірілген. Зерттеу үшін таңдалған қошқарлар өз тұқымдарының стандарттарына (минималды талаптарына) сәйкес келеді.

Волгоград биязы жүнді қойлар, тәжірибеде қолданылған, орташа тірі массасы 51,7±0,57 кг, жүнінің ұзындығы 7,3±0,12 см, оригиналдағы орташа жүн қырқымы 3,75±0,11 кг, жуылған жүн салмағы 1,8 кг немесе 47,0% болды.

26 кесте - Тұқымдық қошқарлардың өнімділік көрсеткіштері

Тұқым	Инд. №	Класс	Тірілей салмағы кг	Жүннің ұзындығы, см	Жүн қырқымы, кг		Жуылған талшықтың шығуы, %	Жүннің сапасы
					лас	таза		
Ақжайық етті-жүнді	517	Эл	95	14,5	8,7	5,7	65	48
	5265	Эл	94	14,0	8,6	5,5	64	50
Волгоград биязы жүнді	6835	Эл	93	9,0	11,0	5,5	50	60
	3413	Эл	94	9,5	11,4	5,6	49	64

5.2 Ақжайық етті-жүнді және волгоград биязы жүнді саулықтарының сүт өнімділігі

Қойдың сүттілігі, күтілетін өнімділіктің кез-келген түрі сияқты, тұқымның ерекшелігі болып табылады. Қозылар үшін өмірдің постэмбриональды кезеңінің алғашқы айларында негізгі және алмастырылмайтын азықтандыру - бұл олардың конституциялық өнімді түрінің қалыптасуына терең әсер ететін саулықтың сүті. Саулықтың сүтінде өмір мен денсаулықты сақтауға, төлдердің қалыпты өсуі мен дамуына қажетті барлық қоректік заттар бар.

Қой малының өсуі, сондай-ақ оның сапалы жетілуі көбінесе төлдердің дұрыс өсуіне байланысты. Негізгі міндет - генотиптің ең үлкен көрінісін алу үшін өсіп келе жатқан ағзаға тиімді әсер ету.

Осыған байланысты, Батыс Қазақстан облысының "Салтанат" шаруа қожалығында өсірілетін волгоград биязы жүнді қойларының сүттілігін зерттеу белгілі бір ғылыми және практикалық қызығушылық тудырады, бұл айтарлықтай дәрежеде қозылардың сүттілік кезеңінде өсу және даму

Зерттеулер жүргізу үшін екі аналық топтан шағылыстыру арқылы кроссбредті будандар алынды, олардың бірі – ақжайық биязылау жүнді саулықтары мен солтүстікавказдық етті-жүнді аталықтарымен шағылыстырудан алынған төлдер болса, екіншісі куйбышевтық қошқарларымен будандастыру арқылы алынған етті-жүнді қозылар.

Биязылау етті-жүнді бағыттағы қойлар өсу қуаты мен ет өнімділігінің жоғарылығымен, ерте жетілгіштігімен ерекшеленеді және азық шығындарын жақсы өтеп, кроссбредті жүн мен тері шикізатының негізгі көзі болып табылады.

Еркек қозылардың тірілей салмағының динамикасын талдауы көрсеткендей, барлық етті-жүнді қозылар сүттілік кезеңінде белсенді түрде жетіліп, енесінен ажырату кезінде 29-30 кг тірілей салмақ, ал орташа тәуліктік салмақ қосуы 207-216 г құрады. Соның ішінде ең жақсы салмақ қосу көрсеткіші куйбышевтық кроссбредті етті-жүнді қошқарларымен шағылыстыру арқылы алынған төлдерде байқалды (22 кесте).

22 кесте - Қозылардың тірілей салмағы мен орташа тәуліктік салмақ қосуының динамикасы

Топтар	n	Тірілей салмағы, кг			Орташа тәуліктік салмақ қосуы, г	
		Туған кезінде	4 айлығында	8 айлығында	Туылғаннан бастап 4 айлығына дейін	4 айлығынан 8 айлық жасына дейін
I	94	4,12±0,05	28,96±0,29	35,18±0,28	207,0±2,17	51,8±0,77
II	96	4,34±0,04	30,24±0,28	36,15±0,31	216,0±1,72	49,3±0,73

Алынған мәліметтерді талдай келе байқайтынымыз, ең жоғары тірілей салмақ көрсеткішін куйбышевтық кроссбредті етті-жүнді тұқымының қошқарларымен шағылыстыру арқылы алынған еркек қозылары көрсеткен. 4 айлық жасында екінші топтың қозылары бірінші топтағы өздерінің қатарластарынан 1,28 кг немесе 4,42%-ға асып түсті.

Екінші топтағы будандардың тірілей салмағы бойынша басым келуі өсу қарқынының жоғары болуымен түсіндіріледі. Еркек қозылардың орташа тәуліктік салмақ қосуы туылғанынан бастап 4 айлығына дейінгі аралықта жоғары болып келеді, ал 4 айлығынан 8 айлығына дейінгі аралықта өсу қуаты бірінші топтың төлдерімен салыстырғанда айтарлықтай жоғары болды.

Будандар 4 айлық жасқа жеткен кезде әр топтан 3 бас етті-жүнді еркек қозылары алынып бақылау сойысы жүргізілді, сойыстың нәтижелері 23 кестеде келтірілген.

Сойғаннан кейін булы ұшаның салмағы 13,2-13,9 кг құрады, сойыс салмағы 13,6-14,4 кг. Сойыс шығымы 46,4-тен 47,2% аралығында болды. Сойыс алдындағы салмағының ең жоғары көрсеткіші, бір тәулік аш

Бақылау союды жүргізу үшін 8 ай бойы азықтадырып, тәжірибедегі еркек қозылар еттілік сапасын зерттеу мақсатында әрбір тобынан 3 типтік тұрғыдағы малдан алынды.

Ашықтыру кезеңінде еркек қозылар салмағының жоғалуы 2,2-2,5% шегінде болды .

Еркек қозыларды бақылау өңдеу нәтижелері барлық топтардың ұшалары жақсы ет түрлерімен сипатталатынының көрсетті. Ұшалардың мускулатурасы жақсы жетілген және майдың қабатымен тұтас жабылған. Сойыс кезінде салмағы 17,86-20,55 кг (19-кесте) іріктеудің барлық нұсқаларынан ұшалар алынды. Төлдер 8 айлығында сойылған кезде, булы ұша көрсеткіштері бойынша импорттық селекцияның қошқарлары қатысқан будандарда басымдылық белгіленгенін атап өткен жөн.

19 кесте - Еркек қозырларды союдың негізгі өнімдерінің салмағы және шығымы (8 айлық)

Көрсеткіштер	АЕЖ х АЕЖ саулықтары І кл	СК х АЕЖ саулықтары І кл	КБ х АЕЖ саулықтары І кл
Бас саны	3	3	3
Сойыс алды салмағы, кг	40,5	41,8	44,2
Булы ұша салмағы, кг	17,86	18,98	20,55
Булы ұша шығымы, кг	44,1	45,4	46,5
Іш майы салмағы, кг	1,12	1,13	1,19
Іш майы шығымы, %	2,76	2,70	2,69
Сойыс салмағы, кг	18,98	20,11	21,74
Сойыс шығымы, %	46,9	48,1	49,2

Барлық топтар бойынша сойыс шығымы 46,9-49,2% құрады. Айта кету керек, барлық топтағы еркек қозылардың етінің жақсы көрсеткіштерімен ерекшеленеді. Салыстырылған топтарда, жоғарыда айтылғандай, ең жақсы ет индекстеріне солтүстік кавказ және куйбышев тұқымдары қошқарлары қатысқан ұрпақтарға тән болды.

Ұшаның сорттық құрамы 24 сағаттық салқындатудан кейін зерттелді. Салқындату кезеңінде барлық топтар бойынша массаның жоғалуы 0,40-0,53 кг немесе 2,2-2,5% құрады (20 кесте).

Іріктеудің барлық нұсқаларында қозы етінің ұшалары І сортты бөліктерінің едәуір көлемін қамтиды, бұл мән 78,7-80,3% деңгейінде ауытқиды. ІІІ топтағы еркек қозылар ұшаларында І сортты бөліктері

16 кесте - Ұшаның сортты құрамы (4 – 4,5 ай, n=3)

Тұқымы	Салқындатылған ұшаның орташа салмағы, кг	І сорт		ІІ сорт	
		кг	%	кг	%
1	2	3	4	5	6
АЕЖ х АЕЖ саулықтары І кл	13,2	12,08	91,6	1,12	8,4
СК х АЕЖ саулықтары І кл	14,1	13,04	92,5	1,06	7,5
КБ х АЕЖ саулықтары І кл	15,2	14,09	92,7	1,11	7,3

І сортты еттің үлестік шығымы бойынша ІІІ топтағы қозылар өздерінің І және ІІ топтағы құрдастарынан 2,01 және 1,0 кг-ға немесе 16,6 және 8,0%- ға асып түсті. Осы көрсеткіш бойынша ІІ топтағы қозылар І топтан 0,96-ға немесе 7,9%- ға жоғары болды..

Ұшаның сорттық бағалауы (омыртқа-жауырын және артқы) бөліктері бойынша куйбышев және солтүстік кавказ қойларының үлес салмағы ақжайық тұқымына қарағанда жоғары екенін көрсетті .

Солтүстік кавказ және куйбышев тұқымдарының аталық қошқарлары екінші және үшінші топтағы етті-жүнді бағытындағы қошқарларындағы І сортты еттің абсолюттік және үлестік салмағы гетерозистің пайда болуымен түсіндіріледі.

Жануарлардың онтогенезінің постнаталды кезеңінде тез өсетін қой қаңқасының бөліктеріндегі жалпақ сүйектер, бұл негізінен бұлшық етті болатын және май көп жиналады. Демек, І сортты еттін құрайтын бұлшық ет тіні тез жетілетін жануарларда белсенді түрде қалыптасады.

Бұл дегеніміз, тәжірибедегі еркек қозылардың өсуі мен дамуы біздің бақылағанымыздай болғаны. Етті-жүнді бағытындағы будандардың жалпақ сүйектерінің өсуі өте жоғары, яғни, кеуде орамы және тұлғасының ұзындығы көрсеткіштері жоғары болды.

Ұшаның морфологиялық құрамын анықтайтын көрсеткіштердің бірі – еттілік коэффициенті. Еттілік, коэффициентін таза еттің (сұрпы ет) сүйек салмағына қатынасы арқылы анықтайды. Оны анықтау үшін ұшаны бөлшектеу қажет. Одан соң етті бөлігі ажыратылып, құрамды бөлшектері өлшенеді де, оған сәйкес есеп жүргізіледі. Мұнда бұлшық ет ұлпасының сүйек ұлпасына (бұлшық ет – сүйек коэффициенті) немесе бұлшық еттің май ұлпасына қатынасы салмағын анықтау мүмкін.

Малдың жасына байланысты бұлшық ет, май, сүйек ұлпаларының арақатынасы өзгеріп отырады. Май ұлпасы кеш дамиды. Қой малдарында оның ерте дамуы тек тез жетілетін малдарда ғана байқалады..

Майдың жиналуы қойларда белгілі бір ретпен жүретіндігі анықталған. Ең бірінші ол ішкі мүшелерде: бүйрек, ішек, қарын, одан кейін – тері асты майлары (құйыршақ түбінде, белде, кеудеде) бұлшық ет аралық май, содан соң ғана бұлшық ет ішілік май ұлпалары дамиды.

Әрбір аймақ шегінде жүн жіңішкелігінің вариация коэффициенті (Cv) жүн талшықтары қалыңдығының ауытқуы рұқсат етілген нормативтерден аспайтындығын куәландырады. Осылайша, 60-сападағы біртекті биязы жүн үшін коэффициент 25,6% - дан аспайды. Демек, жүн тәжірибедегі саулықтардың жіңішкелігі бойынша талшықтарды шегінде штапельді және жабағыда жеткілікті теңестірілген.

Жүн талшықтарының беріктігі жүннің қалыңдығына тікелей байланысты. Талшық неғұрлым қалың болса, оны ұзу үшін көп күш қажет. Жүннің беріктігін ең дұрыс бағалау шоғыр талшықтарды сынау кезінде алынады, алайда жаппай зерттеу зертханаларында жүннің беріктігі көбінесе талшықтардың шоғырында өлшенеді және оны үзілген ұзындықтағы сН/текс түрінде көрсетеді. Волгоград биязы жүнді саулықтарының орта аймағындағы жүннің беріктігі 7,4 сН/текс құрады: жоғарғы – 8,0 сН/текс, төменгі – 6,9 сН/текс. Ең жоғары беріктік қапсырманың ортаңғы және жоғарғы аймақтарымен сипатталды, ал жұқа – төменгі аймақ ең аз беріктікке ие болды.

Тәжірибедегі сауалықтардың жүнінің шынайы ұзындығы 8,8 см, ал табиғи ұзындығы 6,6 см болды.

Жалпы, волгоград биязы жүнді тұқымының тәжірибедегі саулықтарының зерттелген жүні физикалық-техникалық қасиеттері бойынша биязы жүнге қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Сонымен қатар, тұлымның жоғарғы аймағындағы құрғақ жүнді және жүн майының төмен мөлшерін атап өткен жөн.

Шаруашылықта өсірілетін қойлардың ет және жүн сапасын жақсарту үшін волгоград етті-жүнді биязы жүнді қойларын кіріспе будандастыру әдісімен 2020 жылдың күзінде Ақжайық ауданының "Қуаныш" шаруа қожалығынан "Салтанат" шаруа қожалығына ақжайық етті-жүнді тұқымдық қошқарлар әкелінді. Волгоград тұқымы мен ақжайық тұқымының аталық қошқарларын волгоград тұқымының аналық қойларында пайдаланудан алынған будандардың ет пен жүн көрсеткіштерін салыстырмалы бағалау үшін біз салыстырылған тұқымдардың өсуін, дамуын, ет және жүн өнімділігін, гематологиялық көрсеткіштерді, тұқымдық қошқарлардың репродуктивтік қабілетін, аналықтардың сүт өнімділігін зерттедік.

Қазіргі заманғы ақжайық етті-жүнді қой тұқымының табыны ірілігімен, дене бітімінің дұрыс пішіндерімен және ет пен жүн өнімділігінің жақсы үйлесімділігімен сипатталады. Жануарлардың дене бітімі мықты және сүйегі жақсы дамыған. Басы орташа мөлшерлі, дөңес мұрынды және тік, көз деңгейі жабағы жүнмен, бет бөлімі ақ қылшықпен жабылған, мұрын мен құлаққа ұсақ қара дақтарға рұқсат етіледі. Мойны жұмыр, ұзындығы орташа, шоқтығы белі және омыртқасы кең, сегізкөзі құйрықтың жоғарғы бөлігіне түспейді, салбырап тұрмайды. Жамбасы жақсы дамыған, кеудесі терең және кең, қабырғасы жұмыр, кеудесі аукымды. Аяқтары орташа ұзындықты және жақсы қойылған. Аяқ сүйектері мықты, ірі, нәзік емес.

Жүні біркелкі биязылау кроссбредті ақшыл түсті, иректілігі анық (1 см ұзындыққа 2-3 иректілігі), жылтыр, қалыңдығы орташа және жақсы, шайыры ақ түсті және крем түстес. Аталық қошқарлардың тірі салмағы 94-115 кг, құрамындағы жоғары және толыққанды емес ақуыздардың құрамын сипаттайды. Етті-жүнді қойларда 1 кг ет калориялығы анықталған МДж топ бойынша 2222,2 және 2432,7 шегінде болды.

4.4 Кроссбредті 8 айлық еркек қозылардың еттілік өнімділігі

Қой етті-жүнді қой шаруашылығында қой етін өндіру негізінен төлді туған жылы етке сату нәтижесінде жүзеге асырылады. Бұл қой етінің сапасын жақсартуға және оның биологиялық құндылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Етті-жүнді кроссбредті қой шаруашылығында жоғары экономикалық тиімділік 2 айлық төлді азықтандырумен сипатталады [73-75].

Көптеген зерттеулермен және тәжірибе нәтижесінде туылған жылы қозыларды етке тапсырудың экономикалық тиімділігі дәлелденген. Жануарлардың ет өнімділігі және азықты пайдалану тиімділігі азықтандыру деңгейімен тығыз байланысты.

Етке сатылатын қойларды азықтандыру - бұл жануарлардың ет өнімділігін арттыру және ет сапасын жақсарту процесінің ажырамас бөлігі.

Күзгі жайылымдарда құнарлы азықпен азықтандырып қозыларды өсіру тиімділігін анықтау мақсатында, Батыс Қазақстан облысында өсірілетін ақжайық етті-жүнді тұқымында ата-аналық жұптарын іріктеудің әр түрлі нұсқаларынан алынған 4,5 айлығында енесінен айырып алынғаннан кейін, ұзақтығы 60 күн жақсы жайылымда еркек қозыларды жайып-семірту жүргізілді .

Жоғары сапалы ұшаларды көп мөлшерде алу үшін еркек қозыларды енесінен айырғаннан кейін қарқынды жақсы азықтандыру қажет. Жақсы табиғи жайылымдарда немесе біржылдық және көпжылдық шөптердің егістерінде жайылатың еркек қозылар 250-300 г мөлшерінде концентраттармен азықтандырылды, олардың тәуліктік салмақ қосуы деңгейі 150-200 г және одан да көп болды .

Азықтандыруға қойылған кезде салыстырылған жануарлар өз топтарына тән болды. Азықтандыру аяқталғаннан кейін топтардағы жануарлар келесідей дамыды, мысалы, үшінші топтың қозылары біріншіден 4,4 кг немесе 10,9%, екіншісі 2,7 кг немесе 6,2% жоғарылады.

Барлық еркек қозылар 60 күндік азықтандыруда жақсы өсу қарқынымен сипатталды. Сонымен қатар, топтар арасындағы айырмашылықты атап өткен жөн, өйткені үшінші топтағы еркек қозылардың тірі салмағы екінші және бірінші топтарға қарағанда біршама жақсы болды, олар дене салмағының абсолютті өсуімен бірінші топтағы құрдастарынан 1,3 кг немесе 14,7% -ға артты, екінші топта сәйкесінше: 1 кг және 10,9% және орташа күндік сәйкесінше: 21,7 г немесе 14,8%; 16,6 г немесе 10,9%.

Үшінші топтағы еркек қозылар, жеген жемнің бірінші және екінші тобымен салыстырғанда, дене салмағының өсуінің әр килограмына орташа есеппен 0,91 және 0,64 азықтық бірлікті аз жұмсаған, сондықтан бұл будандар азықты ұтымды пайдаланғанын атап өтуге болады.

ұстағаннан кейін, екінші топтың етті-жүнді еркек қозыларында 30,6 кг құрады, ал оны бірінші топпен салыстырғанда 1,4 кг артық болып келеді.

Булы ұшаның ең жоғары салмағы екінші топта 13,9 кг құрады, бұл бірінші топпен салыстырғанда 5,3% артық. Бұл топтағы етті-жүнді еркек қозыларында сонымен қатар ең жоғары сойыс салмағы болды. Сойыс шығымы екінші топта 47,2% құрады, бұл бірінші топпен салыстырғанда 0,8% артық.

23 кесте - 4 айлық етті-жүнді еркек қозылардың сойыс көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Топтар	
	I	II
Салмағы, кг:		
Сойыс алдындағы	29,20±0,76	30,60±0,77
Булы ұшаның салмағы	13,20±0,56	13,90±0,69
Іш майы	0,36±0,07	0,54±0,12
Сойыс салмағы	13,56±0,71	14,44±0,69
Сойыс шығымы, %	46,40±0,27	47,20±0,31
Жұмсақ етінің шығымы	78,30±1,13	78,70±1,26
Сүйектерінің шығымы, %	21,70±0,28	21,30±0,29
Еттілік коэффициенті	3,61±0,12	3,69±0,17

Ұшаны бөлшектегеннен кейін ондағы жұмсақ еті мен сүйектерінің үлесі қатынастары анықталды. Жұмсақ етінің ең көп шығымы 78,7% екінші топтың ұшаларынан алынды, сәйкесінше осы топта қаңқа сүйектерінің алатын үлесі ең төмен – 21,3%. Сүйектерінің ірілігімен екінші топтың қозылары ерекшеленді. Екі топтағы ұшаларда сүйектерінің алатын үлесі 21,3-22,7% аралығында ауытқып тұрды, ал жұмсақ етінің үлесі 78,3-78,7% құрады. Сәйкесінше еттілік коэффициенті екінші топтың ұшаларында 3,69 болды. Енесінен айырылғаннан кейін 4 айлық жастағы етті-жүнді еркек қозылары жақсы шүйгін шөптері бар далалық жайылымдарда 8 айлық жасына дейін дұрыстап жайылып бағылды (24 кесте).

24 кесте - 8 айлық еркек қозылардың сойыс көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Топтар	
	I	II
Салмағы, кг:		
Сойыс алдындағы	41,10±0,71	42,80±0,71
Булы ұшаның салмағы	19,30±0,82	20,10±0,68
Іш майы	0,74±0,04	1,06±0,03
Сойыс салмағы	20,04±0,80	21,16±0,88
Сойыс шығымы, %	48,70±0,72	49,40±0,79

5. Волгоград биязы жүнді қойлардың ет өнімділігін жоғарылату үшін ақжайық етті-жүнді қошқарларымен кіріспе будандастыру

Батыс Қазақстанда жоспарлы тұқымдардың бірі біркелкі биязы жүнді қойлардың волгоград етті-жүнді тұқымы болып табылады. Қазіргі уақытта ол өзінің санын (шамамен 10 мың бас), сондай-ақ тұқымның өнімділігі мен құрылымын жақсы сақтап қалды.

Волгоград қой тұқымы (1932-1973) новокавказ типіндегі биязы жүнді қойлармен және прекос тұқымымен (суа-ссонэ типі), ал жүн сапасын жақсарту үшін 1948 жылдан бастап кавказ және ішінара грозный тұқымдарының қошқарларымен күрделі репродуктивті шағылыстыру арқылы шығарылды.

Жануарлар негізінен тоқал, терісі қатпарсыз, жүн жабыны біркелкі жабық. Қошқарлардан жүн қырқымы 12-14 кг, аналықтан 5-6 кг, жүннің ұзындығы 8-9 см, жіңішкелігі 60-64-сапада. Жуылған жүннің шығымы 48-50%. Жүн біршама құрғақтылығымен және біркелкілікпен сипатталады. Қошқарлардың тірі салмағы 100-130 кг, аналықтары 53-63 кг,аналықтардың төлдегіштігі 130-160%.

Қойлардың негізгі таралу аймағы - Волгоград облысы (Палласов және Ленин аудандары). Жетекші шаруашылық – "Ромашков" асыл тұқымды мал шаруашылығы. 2005-2010 жылдар аралығында Батыс Қазақстан облысында волгоград етті-жүнді қой тұқымын өсіретін бір асыл тұқымды шаруашылық құрылды: Казталов ауданында "Жаңа тұрмыс" ЖШС асыл тұқымды мал шаруашылығы.

"Жаңа Тұрмыс" асыл тұқымды ЖШС-нан басқа, волгоград биязы жүнді қой өсіретін шаруашылықтардың бірі Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданының "Салтанат" ШҚ болып табылады.

Қой шаруашылығының тиімділігін арттыру мақсатында Батыс Қазақстан облысында өсірілетін волгоград биязы жүнді тұқымы мен ақжайық етті-жүнді тұқымына сипаттама бердік.

5.1 Волгоград биязы жүнді қойларының сипаттамасы

"Салтанат" шаруа қожалығында өсірілетін волгоград биязы жүнді қойларының жүн өнімділігіне, жүнінің физикалық-техникалық қасиеттеріне зерттеулер жүргізілді.

Саулықтардың тәжірибелерде қолданылатын көрсеткіштер орташа көрсеткіштермен сипатталды. Шаруашылықтағы аналықтардың орташа тірілей салмағы 49,0 кг, жуылған жүннің қырқымы 42,7% немесе 1,5 кг, жүннің ұзындығы – 6,5 см құрады. Жүн талшықтарының жіңішкелігін өлшеу нәтижелері тәжірибедегі саулықтардың талшықтардың жуандылығы бойынша орташа есеппен 60 сапасымен сипатталатынын көрсетті. Жүн талшықтарының жіңішкелігі штапельдің төменгі аймағында 22,5 мкм, ортасында – 23,7 мкм және жоғарғы бөлігінде – 24,4 мкм құрады.

Тері асты майы ұшаны кеуіп кетуден сақтайтын ұшаны суарушы деп аталатын май қабатын түзеді.

Бұлшық ет аралық ұлпалары жеке бұлшық еттер аралығында дәнекер (байланыстырушы) ұлпа қабатында жинақталады.

Әр түрлі тұқымдарда май жиналу қатынасы мен интенсивтілігі ұшаның әр түрлі аймақтарында біркелкі емес.Қылшық жүнді тұқымдарда (арық құйрықты, қысқа құйрықтырылар тұқымы). Мысалы, майдың көп бөлігі бүйрек маңы мен ішекте, ал аз бөлігі – бұлшық ет аралығы және тері астында. Тері асты майы негізінен белде жиналады, ал ол неғұрлым ұша бойына тең орналасқаны жақсы.

Ет бағытына арнайы бағытталған қойларда май жеке бұлшық ет іштеріне жиналады, ол еттің мәрмәрлығы деп аталады да, етке ерекше нәзіктік пен шырын береді.

Етті – майлы бағыттағы қой тұқымдарының май жинау қабілеті жақсы, оларда май негізінен құйрық аймағы мен құйыршықтың жағында жиналады.

Қозыларда іш майы ерте жаста жинала бастайды және ол азықтандыру дәрежесіне байланысты. Егер азықтануы өте жақсы болса, қозылардың үш айлығында бүйрек аймағында май жиналады, ал азықтануы орташа жарежеде – кештеу жиналады.

Сондықтан, май жинаудың дамуы мен тоқтауы малдың жасына, тұқымына және азықтандыру жағдайына тығыз байланысты. Егер ұшаға 16-18 кг салмақта 25% жоғары емес,оның ішінде тері асты – 13, бұлшық ет аралық – 10 және бүйрек – 2% май жиналса тиімді болып саналады. Май қабатының қалыңдығы 16-18 кг салмақтағы ұша үшін арқадағы ұзын бұлшық ет 3-3,5 мм, ал 20-25 кг ұша үшін – 4-5 мм болғаны жақсы.

Еттілікті сонымен қатар етті бөлігі, сүйектер мен сіңірлердің сүйектеріндегі арақатынас бойынша бағалау керек, яғни морфологиялық құрамы бойынша. Оны зерттеу кезінде жеуге жарамды және жеуге жарамсыз бөліктердің мөлшерін анықтауға мүмкіндік береді, олардың ара қатынасы жануарлардың қондылығына, тұқымы мен жасына байланысты. Қондылығы көтерілген сайын, бұлшықет салмағы және май ұлпалары жоғарылайды.

Ет өнімділігінің маңызды көрсеткіші - оның негізгі бөліктерінің үлестік қатынасын сипаттайтын, оның қоректік құндылығын анықтайтын қаңқаның морфологиялық құрамы. Кроссбредтік қойларда бұлшықет пен май ұлпаларының шығымы жоғары пайызбен сипатталады, сондықтан, олардың еттілік коэффициенті жоғары.

Тәжірибедегі еркек қозылардың ұшаларын барынша толық сапалы бағалау үшін барлық жұмсақ етін, сүйектерді және сіңірлерді бөліп алу жүзеге асырылды. Еркек қозылардың ұшасының морфологиялық сипаттамасы 17-ші кестеде келтірілген.

17 кесте - Ұшаның морфологиялық құрамы және еттілік коэффициенті (4 – 4,5 ай)

Тұқымы	Салқындатылған ұшаның орташа салмағы, кг	Етті бөлігі		Сүйектер		Еттілік коэффиценті
		кг	%	кг	%	
Бас, n	3					
АЕЖ х АЕЖ саулықтары I кл	13,2	10,15	76,9	3,05	23,1	3,33
СК х АЕЖ саулықтары I кл	14,1	11,03	78,2	3,07	21,8	3,59
КБ х АЕЖ саулықтары I кл	15,2	12,06	79,3	3,14	20,7	3,84

Жұмсақ етті сүйектен сылып алу ажырату нәтижесі бойынша, тәжірибедегі төлдердің ұшасының еттілігі жеткілікті дәрежеде болды (18 кесте). Бұл ретте, екінші және үшінші топтағы қозылардың ұшалары мен сүйектерінің ең жақсы арақатынасымен сипатталады және олар құрамында бірінші топ бойынша еттілігі 0,9 және 1,9 кг-ға немесе 8,6 және 18,8%- ға артық болды . Өз кезегінде үшінші топ осы көрсеткіш бойынша екіншісінен 1,03 кг-ға немесе 9,3%- ға асып түсті . Екінші және үшінші топтарда әкесі жағынан солтүстік кавказ және куйбышев тұқымдарының аталық қошқарлары будандыстаруға қатысты.

Егер пайыздық мәнде сүйектердің арақатынасын қарайтын болсақ , онда ең төменгі көрсеткіш 20,7%- ы үшінші топта белгіленген.

Ұрпақтарының II және III топтары I топтан асып түсуі, ең алдымен, жануардың өлшемімен, дене бітімінің түрімен және қаңқа дамуының ерекшелігімен түсіндіріледі.

Барлық тәжірибе топтарындағы қой етінің және ұшадағы сүйектерінің құрамы етті-жүнді қойларына тән жағдайларына сәйкес келеді. Еттілік коэффициенті барлық топтарда өте жоғары болды және үшінші тобы 3,33-3,84 көрсеткіштері деңгейінде.

Мәселен, барлық топтағы еркек қозылардың ұшалары тұтас май қабатымен қапталған. Май қалыңдығының ең жақсы көрсеткіштерімен II және III топтағы еркек қозылардың ұшалары, 3,4 және 3,5 мм, I топтағы ұшалары 3,1 мм болды.

Аталған айырмашылықтар біздің көз қарасымыз бойынша, ең алдымен, ақжайық етті-жүнді саулықтарын солтүстік кавказ және куйбышев аталық қошқарларымен будандастыру нәтижесі болып табылады .

Ақжайық етті-жүнді тұқымды қойларды жетілдіру жұмыстары тез жетілгіштігін арттыру және олардың тағамдық жағынан неғұрлым құнды бұлшық ет және май үлпаларын бөліктерін барынша дамыту бағытында жүргізілді. Соның нәтижесінен қойдың заманауи мамандандырылған ет тұқымдары мен олардың будандары ұшадағы сүйектерінің салмағы бойынша аз болып келеді. Қойдың етті-жүнді тұқымында бұлшық ет және май үлпалары өте жақсы дамыған және сүйек үлпасы мен терісі едәуір әлсіз [71-72].

Ұшаның морфологиялық құрамы қойдың тұқымына, жынысына,жасына және қондылығына байланысты. Қозы ұшаларында ересек малға қарағанда ет пен май аз, сүйек көп болады. Мал қондылығы жоғарылаған сайын май мен ет бөлігі жоғарылайды да, сүйек салмағы азаяды. Қондылығы орташа малдың ұшадағы май түзілуі ортадан төмен қондылықтағымен салыстырғанда мөлшермен 2 есеге артық болса, ортадан жоғарыда ол 3–еседен жоғары мөлшерде артық. Сол уақытта неғұрлым құнды арқа – жамбас және артқы бөлік, кеуде бөліктерінің шығымы артады.

Қой етінде 53-72 % - дейін су, 28-47 % дейін құрғақ заттар болады. Қой қондылығы жоғарылаған сайын құрғақ зат, әсіресе, ақуыз пен май көлемі артады. Ұшадағы майдың артық мөлшері көп сұраныска ие болмай қалады.

Қойдың етті қасиеттерін сипаттайтын маңызды көрсеткіші етінің химиялық құрамы болып табылады, өйткені сойыс салмағы, сойыс шығымы және ұшаның морфологиялық құрамы ет өнімдерінің сандық сипаттамасын дәлелдейді.

Малдың ет өнімділігінің сапалық көрсеткіштерін бағалау кезінде өнімнің коректік және энергетикалық құндылығын анықтайтын еттің химиялық құрамына маңызды мән беріледі . Еркек қозылардың ұшасының етінің химиялық құрамы 10-ші кестеде берілген.

Химиялық талдау деректері бойынша III топтағы қой етінде ылғалдың аз болуымен, майдың көп болуымен және жоғары калориялығымен ерекшеленді. Осы топ бойынша майдың мөлшері бірінші топқа қарағанда 1,6%- ға және екінші топқа 0,1%- ға артық болды.

18 кесте - Еттің химиялық құрамы және калориясы (4 – 4,5 айлық, n=3)

Тұқымы	Құрамы, %				Калориясы 1 кг (Мдж)
	Су	Ақуыз	Май	Күл	
АЕЖ х АЕЖ саулықтары I кл	64,7	16,9	17,6	0,8	2222,2
СК х АЕЖ саулықтары I кл	62,7	17,3	19,1	0,9	2423,3
КБ х АЕЖ саулықтары I кл	62,2	17,7	19,2	0,9	2432,7

Қой етінің коректік құндылығы бұлшықет талшығының құрылымдық элементтерінің ақуыз құрамына байланысты. Саркоплазмалық және миофибриллалық ақуыздар тағамдық құндылықтардың бірі болып табылады, өйткені олардың құрамында аминқышқылдарының толық жиынтығы бар және оларды сіңіру оңай. Маңызды аминқышқылдарының аз мөлшері мен триптофанның болмауына байланысты, протеиндерді қорыту қиын және толыққанды емес болады. Триптофан дәнекерлі ақуыздарда жоқ болғандықтан және гидроксипролин жоғары сұрыпты белоктардың құрамында болмағандықтан, олардың ара қатынасы белгілі бір дәрежеде еттің

Жұмсақ етінің шығымы, %	78,50	79,70
Сүйектерінің шығымы, %	21,50±0,71	20,30±0,73
Еттілік коэффициенті	3,65±0,11	3,95±0,15

Тәжірибелік топтардағы кроссбредті қозылардың тірі салмағы 41,1 – 42,8 кг аралығында болды. Сойыс алдындағы ең жоғары тірі салмағы екінші топтың етті-жүнді еркек қозыларында байқалды – 42,8 кг, оның көрсеткіші бірінші топпен салыстырғанда 4,13% немесе 1,7 кг артық келеді.

